

"Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 334 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3792. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 6 қазандағы № 795 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.10.06 № 795 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына және 17-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е с а у д а м и н и с т р л і г і

Құрылыс және тұрғын үй -
коммуналдық шаруашылық
істері комитетінің төрағасы

2005 жылғы 8 шілдедегі

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау Министрінің

М. а. 2005 жылғы 8 шілдеде

№ 334 бұйрығымен бекітілген

**"Өндіріс объектілерін жобалауға қойылатын
санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы
санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары**

1. Жалпы ережелер

1. "Өндіріс объектілерін жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" Санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары (әрі қарай санитарлық ережелер) өндіріс объектілерін жобалаумен, салумен, қайта салумен және эксплуатациялаумен қызметі байланысты жеке және заңды тұлғалар мен ұйымдарға тағайындалған.

2. Осы санитарлық ережелер мен нормаларда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылған:

1) өндірістік объект - өнімді шығаруға, жұмысты атқаруға және қызмет көрсетуге байланысты шаруашылық қызметінің объектісі, олар адамның денсаулығы мен мекен-жайына әсер ету көзі болып табылатын процестерді, жабдықтарды және технологияны қолданумен жүзеге асырылады;

2) аэрация - құрамындағы органикалық заттармен жылдам тотығуы үшін түрлі ортаның ауамен жасанды қанығуы;

3) санитарлық қорғау зонасының шекарасы - санитарлық қорғау зонасының (әрі қарай СҚЗ) немесе кеңістіктің жоспарлы проекциясының барынша көп территориясын шектейтін линия, әсер етуші нормаланатын факторлар оның маңынан тыс жерде белгіленген гигиеналық нормативтен аспайды;

4) ластану зонасы - ластану көзінің маңындағы территория, оның шегінде атмосфераның жер беті қабаты концентрациясының мүмкіндік шегінен асатын зиянды заттармен ластануы мүмкін;

5) рециркуляция - температураны және қоспадағы компоненттердің концентрациясын реттеу мақсатымен технологиялық процеске газдардың, сұйық және қатты заттардың ағымының толығымен немесе жекелей қайтып келуі;

6) шлам - руданы ұсақтау процесінде, байытқанда, бұрғылағанда немесе өндірістік қызметте түзілетін пайдалы қазбалар немесе тау жынысы;

7) шламоотвал - шламды жинайтын, сақтайтын жер.

2. Өндірістік объектілерді орналастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Өндірістік объектілер (әрі қарай - объектілер) белгіленген тәртіпте бекітілген аудандық жоспардың жобасы мен қаланың (елді мекеннің) бас жоспарына сәйкес жобалануы керек.

4. Объектілерді салу жобалары:

1) өндірісте зиянды немесе зияндылығы аз заттарды қолдануды;

2) зиянды өндірістік факторлардың интенсивтілігін, сонымен бірге шығаратын зиянды заттардың және қалдықтардың көлемін жоятын немесе барынша көп төмендететін технологияны және жабдықтарды қолдануды;

3) өндірістік және қоршаған ортаның гигиеналық нормаларының талаптарын қамтамасыз ететін кешенін қарастыруы керек.

5. Өндірістік объектілердің алаңдары селитебтік және рекреациялық территорияға қатысты желдің ық жағына орналасуы керек.

6. Адамның денсаулығы мен мекен-жайына негативті әсер ету көзі болып табылатын технологиялық процесімен объектілердің кәсіпорнының толық жобалық қуаттылығымен анықталатын санитарлық-қорғау зонасы болуы керек.

7. СҚЗ-ның өлшемі осы санитарлық ережелердің 1-ші қосымшасында келісілген өндірістік объектілердің жіктелуіне сәйкес қабылдануы керек.

8. Жалпы өндірістік алаңда орналасқан объектілердің топтары үшін шығатын зиянды заттың қосындысын және барлық физикалық әсер ету көздерін, әрекеттегі объектілердің табиғи бақылауының жылдық циклының нәтижелерін ескере отырып, біртұтас СҚЗ-ы белгіленуі керек.

9. Санитарлық-қорғау зонасы:

1) Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген бағдарлама бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейіне үлгі жасаумен және күші бар стандарттарға сәйкес объектіден шығатын зиянды заттарды есептеу негізінде бекітіледі. Румбалар бойынша (әрі қарай - р) желдің басым бағытының жиілігін ескере отырып, үлгі жасау нәтижелері бойынша СҚЗ-ның кеңдігін түзету кезінде $p < 12,5\%$ болса, бағыт бойынша ластану зонасын қысқартуға рұқсат етілмейді;

2) Әрекеттегі, салынып жатқан және салынуға белгіленген өндірістік объектілерден шығатын зиянды заттардың биологиялық әсерінің қосындысы

әсерін, сонымен бірге осы заттардың трансформациялануының зиянды өнімін ескере отырып, концентрациясының мүмкіндік шегіне (әрі қарай - КМШ) салыстырмалы түрде атмосфералық ауаның ластану деңгейіне үлгі жасау;

3) физикалық факторлардың мүмкін әсер ету деңгейін есептеу;

4) жобаланатын, салынатын және әрекеттегі объектілердің әлемдік және отандық аналогтарын сараптау;

5) арнайы лабораториялық және аспаптық тексеру нәтижелері негізінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда ғана белгіленген тәртіпте бекітіледі;

10. СҚЗ-на алынған жерлерді ауылшаруашылығы объектілері (ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру, мал жайылымы және пішен шабу) үшін пайдалану мүмкіндігі, өндірістен шығатын зиянды заттардың мөлшері мен сипатын ескере отырып анықталуы керек.

11. Объектілердің жобаларымен қатар санитарлық-эпидемиологиялық сараптау жүргізу үшін территорияны меңгеру және жайластыру жобалары мен шаруашылық ауыз суы көздерін санитарлық қорғау зоналары көрсетілуі керек.

СҚЗ-ның жайластыруын жобалауда көшеттерді сақтап қалу қарастырылуы керек. Селитебті территория жағынан кеңдігі 50 метрден (әрі қарай - м.) кем емес , ал 100 м-ге дейінгі кеңдікте - 20 м-ден кем емес ағаш-бұталы өсімдік көшетінің алқабы орналасуы керек.

12. Вентиляция және кондиционерлеу жүйелерімен ауаны ұйымдастырып және ұйымдастырмай алатын жерлеріндегі объектінің алаңында жекелеген ғимараттар мен имараттар, өндірістік бөлмелердің жұмыс зонасы үшін сыртқы ауадағы зиянды заттардың мөлшері КМШ-нен 30%-тен аспайтындай етіп орналасуы керек.

13. Өндірістік объектінің территориясында функционалдық зоналар: өндірістік, әкімшілік-шаруашылық, транспорттық-қоймалық және қосалқы объектілер бөлінуі керек. Шектес өндірістік ғимараттардан туындайтын, циркуляциялық зонаның енінен кем емес кеңдіктегі ажыраумен зиянды заттарды пайдаланатын объектілердегі әкімшілік-шаруашылық және қосалқы зоналары өндірістік және транспорттық-қоймалық зоналардан бөлінуі керек.

14. Зиянды заттарды пайдаланғандағы технологиялық жабдықтардың ашық алаңдары мен ғимараттардың ұзын осьтері желдің басым бағытына параллельді болуы керек.

15. Жолдан және құрылыстан бос объектінің территориясы жайластырылуы және көгалдандырылауы қажет.

16. Жобаланатын және әрекеттегі объектілердің осы санитарлық ережелердің 1-ші қосымшасында белгіленген СҚЗ-ның өлшемдері төмендегі жағдайларда

ұ л ғ а й т ы л у ы

м ү м к і н :

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 ж. 18-ші тамызындағы N 629-шы бұйрығымен бекітілген, нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік реестрінде 3076 нөмірімен тіркелген "Атмосфералық ауаны қорғауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларына (әрі қарай СанЕмН) сәйкес селитебті территорияның атмосфералық ауасындағы зиянды заттардың мөлшерін қамтамасыз етпейтін, ескірген технологиялық жабдықтардың болуы;

2) газды, шаңды ұстайтын жабдықтардың тиімділігінің төмендігі және гигиеналық нормативтерге дейін атмосфералық ауаның ластауыштарын төмендетудің техникалық шешімдерінің болмауы;

3) селитебтік және өндірістік территориялардың желдің басым бағытына қ о л а й с ы з о р н а л а с у ы ;

4) техникалық құралдармен ластану деңгейін төмендету мүмкіндігі болмағанда СҚЗ-ның шекарасынан тыс жерде, атмосферадағы химиялық заттардың мөлшерінің КМШ-нен және шудың, дірілдің, радиожииліктегі электромагниттік толқынның және басқа зиянды физикалық факторлардың деңгейінің мүмкіндік шегінен (әрі қарай ДМД) асуы.

3. Өндірістік ғимараттарға, бөлмелерге және имараттарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

17. Өндірістік ғимараттардың және имараттардың жобаларында 1 жұмысшыға келетін меншікті алаң 4,5 метр квадраттан (әрі қарай m^2) кем болмауы керек.

18. Әрбір тұрақты және тұрақсыз жұмыс орнының алаңы $2,2 m^2$ -тан кем болмауы керек (кабиналардан және объектілерден басқалары), олардың бос алаңының шамасы арнайы талаптармен келісіледі. Жабдықтармен, қызмет көрсететін зоналармен, жүріп өтетін жолдармен, өтетін жерлермен, резервтегі алаңдар мен аралық қойманың орындары нормативке кірмейді.

19. Микроклимат бойынша 15 метр кубтан (әрі қарай m^3) кем емес нормативтің талаптарын қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып, бөлменің көлемі есептеу жолымен анықталады.

20. Егер де табиғи ауа алмасуы мен жарықты бұзбаса, өндірістік ғимараттардың сыртқы қабырғасына жапсыра құрылыс салуға рұқсат етіледі.

21. Бу, газ және шаң түріндегі зиянды заттарды бөлмейтін ыстық технологиялық процестермен сипатталатын объектіні орналастыру үшін, табиғи

басқарылатын ауа алмасуын (аэрацияны) қамтамасыз ететін қабырғаның және шатырдың конструктивтік элементтерімен бір қабатты ғимараттар немесе көп қабатты ғимараттардың жоғары қабаттары қарастырылуы керек.

22. Зиянды заттар бөлінетін болса, тек қана табиғи ауа алмасуды жобалауға рұқсат етілмейді.

23. Қауіптілігі I-ші және II-ші кластағы зиянды заттардың жабық бөлмелерге бөлінуі болжанған объектіні жобалау барысында, оқшауланған бөлмелерге немесе пультті немесе операторлық зоналардан осы жабдықтарды басқаратын зоналарда технологиялық құрал-саймандарды орналастыру қарастырылады.

24. Қауіптілігі I-II-ші кластағы зиянды заттармен жұмыс жүргізіліп жатқан бірнеше өндірісті бір ғимаратқа орналастырғанда, улы заттардың көп компонентті қоспасының түзілуіне және көрші өндірістік бөлмелерге олардың таралуына кедергі жасайтын құрылыс шешімдерін қолданумен, жекелеу қамтамасыз етілуі керек.

25. Өндірісті жобалаудың технологиялық талаптарына сәйкес табиғи жарығы жеткіліксіз үй астында және цокольдық қабатта терезесіз және жарық күн тартарсыз ғимаратты салуға, тұрақты жұмыс орындарымен өндірістік бөлмелерді орналастыруға рұқсат етіледі. Бұл кезде мыналар қарастырылуы керек:

1) ж а с а н д ы ж а р ы қ ;

2) э р и т е м д і с ә у л е л е н у к ұ р ы л ғ ы с ы ;

3) жасанды жарығы бар (жасанды жарық коэффициенті 0,5%-тен кем емес) жұмыс орнынан 100 м-ден алыс емес қашықтықта жұмысшылар қысқа уақытқа демалуға арналған бөлменің құрылғысы;

4) осы санитарлық ереженің талаптарына сәйкес тұрақты әрекеттегі ықтиярсыз вентиляциямен қамтамасыз ету.

26. Ашық алаңдарға технологиялық және энергетикалық, жабдықтарды орналастырғанда, олардың басқару пульттерін орналастыруға арналған және жұмысшылардың демалатын бөлмелері қарастырылуы керек.

27. Шаң бөлінуі мүмкін бөлмелерде, оның жинақталуын және жиыстырылуын қиындататын конструктивтік элементтер мен өңдейтін материалдар қолданылмауы керек.

28. Өндірістік бөлмелерге ауаны әкелетін вентиляциялық камераларға алаң қарастырылуы керек. Вентиляциялық қондырғыларды үйдің ішіне жасалған үстіңгі жарты қабатқа, консольды тірекке орналастыруға рұқсат етілмейді. Ауа келетін камералардың кіретін есігі бөлменің, коридордың, тамбурдың ішінен немесе ауасында зиянды заттары жоқ жердің сыртынан болуы керек.

29. Басқару пульттерінің бөлмелерінде, санитарлық-тұрмыстық қондырғыларда және жаяу жүретін туннельдерде зиянды сұйықтықтар мен газдарды, сонымен бірге транзиттік бу құбырларын салуға болмайды.

30. Жылытылатын өндірістік бөлмелердің сыртқы қоршауын жобалау, төбенің және қабырғаның ішкі бетіне конденсаттың түзілу мүмкіндігін болдырмауы керек. Бұл талаптардан шығу тәртібі ылғалды бөлмелерге ғана рұқсат етіледі.

31. Зиянды және агрессивті заттарды пайдаланатын учаскелер орналасқан бөлмелердің ішкі құрылыс конструкциясын қосқанда, қабырғаны, төбені және басқа беттерді өңдеу үшін, сорбцияны болдырмайтын және жүйелі тазартуды, ылғалды және вакуумды жиыстыруды, қажет болғанда - дезинфекцияны қажет ететін материалдар болуы керек.

32. Ашылатын терезелері және жарық күн тартарларымен жабдықталған ғимараттар мен имараттарда еденнен немесе жұмысшы алаңынан басқарылатын, ашық ойықтың шамасын реттейтін механизмдер, сонымен бірге осы тәріздес жұмыстарды ыңғайлы және қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін терезені, күн тартарларды және жарық арматурасын тазарту үшін механизмдер мен алаңдар қарастырылуы керек.

33. Бөлмелердің және жабдықтардың түспен безендірілуі бейнеленудің ең аз коэффициентін (0,4-тен артық емес) ескере отырып орындалуы керек.

34. Жаңа ғимараттар мен имараттарды салу және әрекеттегілерін қайта салу кезінде сыртқы қоршаулар арқылы, сонымен бірге технологиялық көздерінен жұмысшы зонасына жылу мен суықтың артығымен түсуін азайтуға бағытталған шаралар қарастырылуы керек.

35. Түрегеп тұрып жұмыс істейтін жылытылатын бөлмелердің еденін жабатын материал жылуды сіңіретін коэффициенті метр квадратты градусқа көбейтіп, бір сағатқа көбейтіп 6 килокалория (әрі қарай - $\text{ккал/м}^2 \cdot \text{град} \cdot \text{сағ.}$) болуы қажет немесе ағаш кедергісімен немесе жылу изоляциялайтын кілемшесімен жабылуы керек.

36. Агрессивті сұйықтықтардың (қышқылдардың, сілтілердің) және сынап, еріткіштер, биологиялық активті заттар сияқты зиянды заттар болжамды әсер ететін жерлерде, көрсетілген заттардың әсеріне тұрақты, олардың сорбциясын болдырмайтын, тазартылған және зиянсыздандыруға бейімді еденнің жабындысы қарастырылуы керек. Көрсетілген заттарды бұрып жіберу үшін канализацияға суағар қарастырылуы керек, қолданыстағы құрылыс нормалары және ережелерінің (әрі қарай - ҚНЖЕ) талаптарына сай болуы керек.

37. Радиожиілікті диапазондағы электромагниттік өріс көздерімен (әрі қарай - ЭМӨ) жұмыс істейтін өндірістік бөлмелерді ағымды линияларда орналастыруды қосқанда жалпы бөлмелерде де, жеке бөлмелерде де орналастыруға рұқсат етіледі. Қондырғымен және онымен жұмыс істеуге байланысты емес жұмыс орнындағы ЭМӨ-тің деңгейі шамасының мүмкіндік шегінен аспаса, жалпы

бөлмелерде ЭМӨ көздерін қарастыру керек. Көрсетілген жағдайды қамтамасыз ету мүмкін болмаса, ЭМӨ қондырғылары жеке бөлмелерге орналастырылуы керек.

38. Бір бөлмеге бірнеше қондырғылар орналастырылған болса, олардың орналасуы сәуле энергиясының қосындысы есебінен персоналдың жұмыс орнындағы сәулелену деңгейінің мүмкіндік шегінен аспауын шектеуі керек.

39. Электромагниттік өріс көздерімен жұмыс істеуге тағайындалған экрандалған бөлмелерді жобалау кезінде, жұмыс ауданы мен көлемі жоғары жүктемемен жұмыс істеудегі қауіпсіздік шараларының сақталуын ескере отырып, өңделетін заттың габаритіне сәйкес жасалуы қажет.

40. Экрандалған бөлмелердің қабырғасы, төбесі және едені сәулеленудің деңгейінің мүмкіндік шегін төмендетуін қамтамасыз ететін сәуле жұтатын материалмен қапталуы қажет. Сәуле белгілі бағытта түсетін болса, қабырғаның тек соған сәйкес бөлігін ғана сәуле жұтатын қабатпен қаптаған жөн. Экрандалатын бөлмелерде күші бар НҚА-ге сәйкес, табиғи жарықтың, ультракүлгін сәуленің жеткіліксіздігін, ауаның газды және ионды құрамының өзгеруінің орнын толтыратын шаралар қарастырылуы қажет.

41. Көрші бөлмелерге құрылыс конструкциялары арқылы электрлі магниттік өрістің өтуі кезінде, деңгейінің мүмкіндік шегінен аспауын шектейтін шаралар жасалуы керек.

42. Лазер қондырғыларына арналған бөлмелерді жобалағанда лазердің құрылымы мен пайдалану ережелерінің талаптары сақталуы қажет.

43. Шу көздері орналасқан әрекеттегі өндіріс орындарын салғанда және қайта салғанда бөлме ішіндегі жұмыс орындарындағы, сонымен қатар тұрғын үйлерді қоршаған территорияның ауласындағы шудың деңгейін төмендетуге бағытталған архитектуралық-құрылыс шаралар қарастырылуы қажет.

44. Шудың параметрлерін күші бар гигиеналық нормативтерге дейін жеткізу мүмкін болмағанда :

1) стационарлық жабдықтар үшін дыбысты изоляциялайтын кабиналарды құру, процесті дистанциядан басқаруды қарастыру қажет;

2) қол саймандары үшін басқа жұмысшыларға шудың әсерін болғызбайтын жерге жұмыс орнын орналастыруды қарастыру қажет.

45. Шудың, дірілдің және инфрадыбыстың жұмысшыларға әсер етуіне байланысты жұмыс орындарының маңында, мезгілді демалуға және профилактикалық процедуралар жүргізуге арналған бөлмелер қарастырылуы қажет.

Плазмалық технологияларға арналған бөлмелерді жобалаған кезде:

1) бір жұмысшыға 10 м^2 -тан кем емес және еденнің ең төменгі нүктесінен

3,5 м-ден кем емес бөлменің биіктігі есебінде, жабдықталмаған алаңның болуын қ а р а с т ы р у ;

2) қабырғасы мен төбесі ультракүлгін сәулені жұтатын, жанбайтын перфорирленген материалдан қорғаныс жабындысы бар дыбысты жұтатын қаптауы болуы керек. Жабдықтың дыбыс жұтатын қорғаны болмаса, қаптау биіктігі 2,7 м-ден кем болмауы керек.

4. Технологиялық процестер мен жабдықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

46. Технологиялық процестер мен жабдықтарды жасау кезінде төмендегілер қ а р а с т ы р ы л у ы к е р е к :

- 1) қалдықсыз және қалдығы аз технологияларды енгізу;
- 2) қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың туындауына байланысты технологиялық процестер мен операцияларды, көрсетілген факторлары жоқ немесе интенсивтілігі ең аз процестерге және операцияларға алмастыру;
- 3) зияндылығы жоғары заттарды зияндылығы төмен заттарға алмастыру;
- 4) бастапқы және соңғы өнімде зиянды заттардың қоспасының мөлшерін шектеу, соңғы өнімдерді шаңданбайтын формада шығару;
- 5) зиянды өндірістік факторлармен жұмысшылардың жанасуын болғызбайтын өндірістік технологияларды пайдалану;
- 6) жұмыс зонасына қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түсуінің (таралуының) алдын-алатын шешімдер мен қорғаныш құралдарын жабдықтың к о н с т р у к ц и я с ы н а қ о л д а н у ;
- 7) өндірістік құралдарға эргономиканың және техникалық эстетиканың талаптарының және жұмыс орыны мен еңбек процесін ұйымдастыруда эргономикалық талаптардың сақталуы;
- 8) әсері жіті бағыттағы заттармен жұмыс зонасының ластануы кезінде, технологиялық процесті басқару және автоматты бақылау, сигнализация ж ү й е л е р і н ж а с а у ;
- 9) жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстарын механизациялау және а в т о м а т и з а ц и я л а у ;
- 10) технологиялық және вентиляциялық зиянды заттардың шығуын өз мезгілінде жою, зиянсыздандыру, өндіріс қалдықтарын пайдаға асыру және көму ;
- 11) зиянды заттардан және факторлардан қорғанатын ұжымдық құралдар;
- 12) жұмыс орындарындағы қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың д е н г е й і н е б а қ ы л а у ;
- 13) нормативтік-техникалық құжаттарға қауіпсіздік талаптарын енгізу.

47. Технологиялық процестер мен жабдықтарды жасауда Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген химиялық заттарды пайдалану керек. Ылғал бөлу көзі болып табылатын өндірістік жабдық, мейлінше герметизациялануы және құйылысқа арналған автоматтандырылған қондырғылармен жабдыкталуы керек.

48. Инфра- және ультрадыбыстың, шудың, жалпы және локальды вибрацияның, иондаушы және ионданбайтын сәулеленудің көзі болып табылатын жабдықтарды жобалағанда күші бар НҚА-дің талаптарының сақталуын қарастыру қажет.

49. Технологиялық процестерді жобалаған кезде өндірісті пайдаланудың барлық кезеңдерінің ұзақтығының есебі: іске қосылуды реттеу (жоспарлы жөндеуден соң іске қосу), тұрақты қызмет ету (пайдалану жылдары бойынша) берілуі қажет.

50. Өндірістік бөлмелердің жұмыс орындары мен объектінің территориясындағы дыбыс қысымының мүмкін деңгейі, дыбыс деңгейі және дыбыстың эквивалентті деңгейі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы "Жұмыс орындағы шу деңгейлерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" N 139 бұйрығының талаптарына сәйкес келуі керек.

51. Жаңадан салынатын және қайтадан салынатын объектілерді, олардың жеке ғимараттарын және имараттарын жобалау кезінде шаралар қарастырылуы керек, оларды орындау тұрғын үйдің территориясында гигиеналық нормативтен аспайтын шудың деңгейін қамтамасыз етуі керек.

52. Жұмыс орындарындағы транспорттық-технологиялық вибрацияның мүмкін деңгейлері қолданыстағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" N 310 бұйрығының , Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуден өткізу реестрінде N 3781 тіркелген, талаптарына сай келуі керек.

53. Жұмыс орнындағы инфрадыбыстың деңгейін жұмыс орнындағы инфрадыбыстың гигиеналық нормативтеріне сәйкес қабылдау керек.

54. Негізгі дозалық шектер (осы санитарлық ережелерге 3-ші қосымша) ионданатын сәулеленудің нормаланатын параметрлері болып табылады. Оларға төмендегілер жатады:

1) тікелей ионданатын сәулелену көзімен тұрақты және уақытша жұмыс істейтіндерге арналған тиімді және эквивалентті дозаның мүмкіндік шегі, (А категориясы - персонал);

2) ионданатын сәуле көздерімен жұмыс істемейтіндерге, бірақ та объектілердің қызметіне негізделген жұмыс орнының немесе тұрғын мекеннің

орналасу жағдайына байланысты, иондаушы сәулеленудің әсеріне ұшырайтындарға арналған шектік (тиімді) эквивалентті дозалар (Б категориясы).

Радиоактивті заттармен және ионданушы сәулеленудің басқа көздерімен жұмыс істеу барысында күші бар радиациялық қауіпсіздіктің нормаларына дозалық шектер сәйкес келуі керек.

55. Жұмыс орнындағы өндірістік көздерден ультракүлгін сәулеленудің (әрі қарай - УС) мүмкіндік деңгейі: ұзын толқынды УС-А-400-315 нм, орта толқынды УС-315-280 нм, қысқа толқынды УС-280-200 нм облыстары үшін сәулеленудің спектралды құрамын ескере отырып қабылдануы керек.

Сәулелену интенсивтілігінің гигиеналық нормативтері жұмысшыларға әсер ету ұзақтығын, сәулеленуден қорғайтын арнайы киімді міндетті түрде киюді, бас киімді және көзді қорғайтын құралдарды пайдалануын ескере отырып белгілейді.

56. Жоғарыда көрсетілген нормативтер 2000 Цельсийден жоғары температурадағы көздер шығаратын сәулеленуге (электрлік доғалар, плазма, балқытылған металл, кварц әйнегі), полиграфияға, химия және ағаш өңдейтін өндірістерге, ауылшаруашылығына, кино- және телетүсірулерге, дефектоскопияға, денсаулық сақтау ұйымдары мен өндірістің басқа салаларына т а р а л а д ы .

Нормативтер қызмет көрсететін персонал болмағанда, ортаны зарарсыздандыру үшін қолданатын лазерлер шығаратын, сонымен бірге емдік және профилактикалық мақсатқа қолданатын УС-ге таралмайды.

57. $1,2 \text{ м}^2$ -тан артық емес тері бетінің (бет, мойын, қол саусақтары) қорғалмаған учаскелері болғанда, жұмыс сменасының 50%-де сәулелену көзінің жалпы ұзақтығында, 5 минут және одан көп бір реттік сәулеленудің ұзақтығында жұмысшыларға УС-дің мүмкін интенсивтілігі УС-А облысы үшін метр квадратына 10,0 Ваттан (әрі қарай $\text{м}^2 / \text{Вт}$), ал УС-В облысы үшін м^2 -на 0,01 Вт-тан аспауы керек.

58. Терінің барлық бетінің қорғанысы кезінде жұмысшылардың сәулеленуінің мүмкін интенсивтілігі жұмыс сменасы барысында әсер ету ұзақтығында УС-В; УС-С облысында м^2 -на 1Вт-тан аспауы керек.

59. Жобаланатын жабық өндірістік бөлмелердің микроклиматының оптималды және мүмкін параметрлерін дұрыс есептеу үшін метеорологиялық жағдайды сипаттайтын (ауаның температурасы, салыстырмалы ылғалдылығы, ауаның қозғалу жылдамдығы, жылу сәулеленудің интенсивтілігі) көрсеткіштерін де, энергия шығынының мәліметтерін де басшылыққа алу керек.

5. Жұмыс орыны мен еңбек процесіне қойылатын талаптар

60. Жобаланатын еңбек процесінің, технологиялық жабдықтардың және жұмыс зонасының өлшемінің ерекшеліктеріне байланысты, ыңғайлы жұмыс позасында жұмыс атқаруды жұмыс орыны қамтамасыз етуі керек. Еңбек операциялары қажет ететін аймақтың шегінде (аймақ шекарасы жоғары созылған қолдың арақашықтығымен анықталады) орындалуы керек. Жиі пайдаланатын еңбек құралдары мен басқару органдары (1 минутына 1 рет және одан да көп) жұмыс бетінің шетінен 300 миллиметрден (әрі қарай - мм) аспайтын қашықтықта ең қолайлы аймақтың шегінде орналасуы қажет.

61. Отырып орындалатын жұмысқа арналған жұмыс орыны - көтерілетін-бұрылатын орындықпен және рационалды конструкциядағы аяқ тіреуішімен, ал еңбектің сипатына қарай түрегеліп жасалатын жұмысқа тағайындалған жұмыс орыны сүйеніш орындықпен және демалуға арналған орындықпен қамтамасыз етілуі керек.

62. Жұмыс орнының (профилактикалық тексеру жүргізу, жөндеу технологиялық жабдықтарды жөндеу және қалпына келтіру кезеңдерінде) құрылуына және қызмет етуіне ашық алаңдарды, сонымен бірге жұмысшылардың жұмыс атқару аймағында еркін қимылдауы үшін бос аулалар қалдыруды жұмыс орнындағы негізгі және қосымша құрал-саймандардың технологиялық ұйымдастырылып жабдыкталуының орналасуы қамтамасыз етуі керек.

63. Монтаждауға (демонтаждауға), жабдықтармен жұмыс істеуге және жөндеуге байланысты еңбек операцияларын орындау барысында жұмысшылардың дене тұлғасы мен оның орналасу жағдайына байланысты, жұмыс зонасының төмендегідей ең кіші өлшемі (жабдықтардан жұмыс зонасының шекарасына дейін) метрмен алынады:

- 1) 15 градусқа дейін еңкейіп, түрегеп тұру 0,7 (0,6) м;
- 2) 30 градусқа дейін еңкейіп түрегеп тұру 0,8 (0,6) м;
- 3) 60 градусқа дейін еңкейіп түрегеп тұру 0,9 (0,6) м;
- 4) 90 градусқа дейін еңкейіп түрегеп тұру 1,2 (0,9) м;
- 5) жүресінен отыру 1,1 (0,8) м;
- 6) жүріс жолы өтетін жер 0,7 м.

Жұмысшылардың қолы немесе тұлғасының бір бөлігінің жартысы жабдықтың үлкен бөлігінде (шығып тұрған элементтерде) қалатын болса, жұмыс аймағының өлшемін жақша ішінде көрсетілген шамаға дейін кішірейтуге болады.

64. Объектідегі еңбек процесін жобалау төмендегі жағдайларды қарастыруы керек:

1) еңбекті көп қажет ететін технологиялық операцияларды механизациялау және автоматизациялау, іс-әрекет түрлерін алмастыру, өндіріс операцияларын

кезектестіру, еңбек ету мен демалыстың рационалды тәртібін енгізу, кәсіби даярлық деңгейін жоғарылату;

2) смена барысында адамның динамикалық еңбекке қабілетіне сәйкес қарапайым еңбек тәсілдерінің қайталану санын шектеу, конвейердің қозғалу қарқынын өзгерту, ол тұрақты болмаса технологиялық процестің барысына үздіксіз бақылау ұзақтығына шектеу жасалуы керек.

65. Екі және үш сменалық еңбек тәртібінде жұмыс сменасының аяқталуы 24 сағаттан кем болмауы керек. Смена аралығындағы күнделікті демалудың ұзақтығы жұмыстың ұзақтығынан екі есе көп болуы керек. Төтенше жағдайларда (апатқа ұшырау жұмыстарында) азғантай демалыс (бірақ 8 сағаттан кем емес) рұқсат етіледі.

66. Мызғып алуға құқылы ұзартылған сменадағы жұмысшыларға ыстық тамақ қабылдауға және ұйықтауға арналған бөлмелер жабдықталуы қажет.

6. Жылуға, вентиляцияға және ауаны кондиционерлеуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

67. Бөлменің көлемінде зиянды заттардың, жылудың және ылғалдылықтың біркелкі емес таралуын ескере отырып ауа шығыны есептеумен анықталады. Ауа алмасудың еселігі бойынша вентиляцияға кететін ауа шығынын анықтауға болмайды.

68. Бірнеше зиянды зат бір мезгілде жұмысшы зонасына бөлінетін болса, жалпы алмасулы вентиляцияға есептелген ауа шығыны ауаның ең көп шығынын қажет ететін зиянды зат бойынша есептелуі керек.

69. Бірқатар заттардың организмге бір бағытта әсер етуі туралы мәліметтер болғанда, жалпы алмасулы вентиляцияның есептеуін ауаның ластануын ескере отырып, әрбір затты жеке-жеке, оның концентрациясының мүмкіндік шегіне дейін ерітуге қажет ауа шығынын қосу жолымен есептеп шығарылуы керек.

70. Өндіріс бөлмелерінде табиғи немесе механикалық вентиляцияны жобалағанда, бір жұмысшыға сыртқы ауаның келуі осы санитарлық ережелердің 4-ші қосымшасына сәйкес қамтамасыз ету керек.

71. Вентиляция мен ауаны кондиционерлеу жүйелерінің қабылдағыш саңылаулары және табиғи ауа келетін вентиляция арқылы ғимараттар мен имараттардың ішіне түсетін ауадағы зиянды заттардың концентрациясы жұмыс зонасындағы ауаның деңгейінің мүмкіндік шегінен 30%-ке аспауы керек.

72. Қауіптілік кластары әртүрлі зиянды заттар бөлінетін өндірістік немесе көршілес бөлмелерді бір ғимаратқа біріктіру кезінде, ең улы зиянды заттарды бөлетін бөлме үшін ұйымдастырылған ауа әкелетін сорғыштың басым болуы қарастырылуы керек.

73. Көп қабатты өндірістік ғимараттардың алаңының төбесіне жабылған монтаждың ойықтары жекеленген баспанамен қамтамасыз етілуі керек, ал ауа алмасуы әр қабатқа жеке есептеледі.

74. Жылдың салқын мезгілінде шығаратын ауаның орнын толтыру үшін биіктігі 6 м және одан аласа бөлмелерде сағатына бір рет ауа алмасудан артық емес көлемінде, ал биіктігі 6 м-ден жоғары бөлмелерде - еден алаңының әр 1 м^2 - на сағатына 6 м^3 көлемінде сыртқы ауаны ұйымдастырмай әкелуге (вентиляцияның теріс дисбалансы) рұқсат етіледі.

75. Көршілес бөлмелерде жағымсыз иісі бар заттар болса және жұмыс ауасындағы зиянды заттар концентрациясының деңгейі мүмкіндік шегінен 30%-тен аспаса, осы бөлмелерге ұйымдастырылмаған ауаның келуі рұқсат етіледі.

76. Вентиляция, ауаны кондиционерлеу және ауаны жылыту жүйелерінің шашыратқыштарындағы температурасы мен ауаны шығару жылдамдығын, осы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес метеорологиялық жағдай жұмысшы зонасында қамтамасыз ететіндей есеппен анықтау керек.

77. Келетін ауаны бергенде, бөлменің таза және аз ластанатын бөлігіне келетін ауа, бөлменің лас аймағынан келмеуін қарастыру қажет.

78. Зиянды заттарды (газдарды, шаңды, жылуды) бөлетін көздер технологиялық жабдықтарға бекітілген, болмаса бөлу көзіне мейлінше жақын орналастырылған меншікті сорғышы бар, жергілікті ауа шығаратын вентиляция құралымен жабдықталуы қажет.

79. Бөлмеде бөлінетін немесе жергілікті сорғышпен шығарылатын зиянды заттардың, жылудың және ылғалдың саны жобаның технологиялық бөлімінің бойынша қабылдануы керек. Қажетті мәліметтер болмағанда сәйкес объектілерде жүргізілген табиғи зерттеулердің нәтижелері пайдаланылады.

80. Технологиялық жабдықтардан қауіптілігі I-ші және II-ші кластағы зиянды заттарды шығаратын жергілікті сорғыштар жергілікті ауа шығаратын вентиляция жұмыс істемеген жағдайда, бұл жабдықтан іске қосылмайтындай етіп қоршалуы керек.

81. Егер ауа шығаратын вентиляция жұмыс істемей қалғанда өндірістік процесті тоқтату мүмкін болмаса немесе жабдықты (процесті) тоқтатқанда жұмысшы зонасының ауасындағы КМШ-нен асатын концентрациядағы зиянды зат бөлменің ауасына бөлініп жатса, жұмыс тәртібі автоматты өшірілетін резервтік вентиляторларымен жергілікті сорғыш қарастырылуы керек.

82. Вентиляцияға, ауамен жылытуға және ауаны кондиционерлеуге арналған ауаның рециркуляциясы, ауасында қауіпті концентрацияда ауру қоздырғыш

бактериялары, вирустары немесе саңырауқұлақтары бар бөлмелерге, сонымен қатар жағымсыз иісі бар немесе қауіптілігі I-ші және II-ші кластағы зиянды заттары бар бөлмелерге қарастыруға рұқсат етілмейді.

83. Қауіптілігі III-ші және IV-ші кластағы бір зиянды заттан артық бөлмейтін бөлмелерге ауаның рециркуляциясы рұқсат етілмейді.

84. Технологиялық жабдықтардың қыздырылған беттерімен және ауамен жылытудың ауа қыздырғыштарымен жанасуы кезінде, жанғыш зиянды заттарды бөлмейтін болса ғана, вентиляциямен қатар қолданылған ауамен жылытудағы рециркуляцияны қарастыруға болады.

85. Жылытудың, вентиляцияның және ауаны кондиционирлеудің қондырғылары тұрақты жұмыс орындары мен жұмыс атқарылатын зонаның қосалқы бөлмелерінде деңгейінің мүмкіндік шегінен асатын шу және діріл шығармауы керек.

86. Ғимараттар мен имараттарды жылыту үшін зиянды факторларды және жағымсыз иістерді шығармайтын жүйелер, приборлар және жылу апарғыштары қарастырылуы керек.

87. Шаң бөлетін өндірістік бөлмелердегі қыздырғыш приборлар жеңіл тазаланатын, беті тегіс болуы керек. Сыртындағы газды қыздырғыштардан тікелей жану өнімдерін шығарғанда ғана инфрақызыл газды сәулеленетін жылуды қарастыруға рұқсат етіледі.

88. Қыздырғыш элементтерінің құрылыс конструкцияларына жапсырылған сулы жылыту жүйелерінің және тұрақты жылытатын бетіндегі орташа температурасы тұрақты жұмыс орнындағы еден үшін плюс 26°C -тан; кісілер уақытша болатын еденнен плюс 3°C -тан; төбелер үшін: бөлменің биіктігі 2,5-нан 2,8-ге дейін болса плюс 28°C -тан; 2,8-ден 3,0-ге дейін болса плюс 30°C -тан; 3,0-тен 3,5-ға дейін болса плюс 33°C -тан; 3,5-нан 4,0-ке дейін болса плюс 36°C -тан; 4,0-тен 6,0-ға дейін болса плюс 38°C -тан аспауы керек.

89. Жылу көздерінің температурасы төмен жылыту жүйелеріндегі радиациялық кедергі еденнен 1,5-2,0 м биіктіктегі жұмыс орнында метр квадратына (әрі қарай - м^2) 35 Вт -тан (сағатына 27 ккал/м^2 -тан) аспауы керек.

90. Жылуды бөлетін жабдықтар вентиляция жолының мүмкіндігін ескере отырып орналасуы керек. Бөлменің көлеміне келетін аэрациялық ауа ағысының таралуы үшін, жабдықтар арасындағы қашықтық ағыстың бағыты бойынша, оның өлшемінен көп болуы керек.

91. Жоғары жылу бөлетін цехтар мен учаскелерді табиғи вентиляциямен (аэрациямен) жабдықтағанда, шатырда дистанциядан басқарылатын механизацияланған фрамугамен жабдықталған тұтанбайтын шахталар немесе аэрациялық күн тартарлар қарастырылуы керек. Табиғи вентиляция кезінде

желденетін бөлмелерге ауаның келуі жылдың жылы мезгілінде еденнен 1,8 м-ден артық емес, ал жылдың суық мезгілінде вентиляциялық ойықтың түбіне дейін 4 м-ден төмен емес деңгейде қарастыру керек. Осы мақсатпен жобаның құрылыс бөлімінде көрсетілген деңгейлерге ауа беретін терезеде ашылатын ойықтар, аэрациялық қақпалар, көтерілетін қозғалтқыш қабырғалар қарастырылуы керек. Ашылатын ойықтардың алаңы терезенің жалпы алаңынан 20%-тен кем болмауы керек.

92. Шаңды және жеңіл конденсацияланатын буларды, сонымен қатар араластырған кезде зиянды немесе өрт қауіпті қоспалар шығаратын немесе көрсетілген қасиеттермен жаңа химиялық қосылыстар түзе алатын заттарды жергілікті сорғыштың жалпы шығаратын қондырғысына біріктіруге болмайды. Жергілікті сорғыштың мұндай жүйелерін жалпыалмасулы ауа шығаратын вентиляцияның жүйелерімен біріктіруге рұқсат етілмейді.

93. Егер де, зиянды заттардың мөлшері жұмысшы зонасындағы КМШ-нен аспайтын, ал микроклиматтың параметрлері нормаланатын көрсеткіштерге сәйкес келетін болса, онда қозғалатын крандардың кабиналарында қоршаған өндірістік бөлменің ауасын қосымша өңдеусіз қолдануға рұқсат етіледі. Қайшы болған жағдайда, крандардың кабинасын кондиционерлермен жабдықтау керек.

94. Мүмкіндік концентрациясынан 30%-ке асатын Сыртқы және рециркуляциялық ауаның шаңдануы кезінде немесе ол өндірістің технологиясы бойынша қажет болса, кондиционерлеу жүйелерінде; ауа душында ауаны тазарту ; жұмысшылардың демалу зонасына (басты немесе бетті қорғайтын шлемдерге, маскілерге, қалқандарға) тікелей ауаны беру қарастырылуы керек.

95. Ауаны әкелетін және шығаратын қондырғылары бар табиғи желдетусіз өндірістік бөлмелердің жалпы алмасулы вентиляция жүйесі ауаны шығаратын жүйенің резервтік вентиляторымен жобалануы керек. Ашылатын ойықтар арқылы талап етілетін ауа алмасудың 50%-тей түсетін көршілес бөлмелермен біріктірілген көрсетілген бөлмелер үшін резервтік вентиляторды жобалауға рұқсат етілмейді.

96. Бөлмелердегі, сонымен бірге табиғи желдетусіз бөлмелердегі жыл бойына және тәулік бойына жұмысқа тағайындалған кондиционерлеу жүйелері жылдың суық мезгілінде берілген температураны және талап етілетін ауа алмасудың 50%-ін қамтамасыз ететін резервті кондиционермен жобалануы керек.

97. Сменасына 40 мин.-тан кем емес немесе бес реттен көп емес ашылатын бөлмесіз қақпаларда; сыртқы ауаның есепті температурасы минус 15 °С-тан және одан төмен аудандарда салынып жатқан жылытылатын ғимараттардың технологиялық ойықтарында ауалы және ауалы-жылулы бүркеулер қарастырылуы керек.

98. Қақпаны, есікті және технологиялық ойықтарды ашқан кезде бөлмеге түсетін ауа қоспасының температурасы жеңіл дене жұмысында плюс 14⁰ С-тан; орташа ауырлықтағы жұмыста 12⁰ С-тан; ауыр жұмыста 8⁰ С-тан төмен болмайтындай етіп ауалы және ауалы-жылулы бүркеулерді есептеу керек. Қақпаның (6 м-ге дейінгі арақашықтықта), есіктің және технологиялық ойықтардың маңында жұмыс орындары болмағанда, егер де ол технологиялық талаптарға қайшы келмесе осы зонадағы ауаның температурасын плюс 5⁰ С-қа дейін төмендетуге рұқсат етіледі.

99. Ауаны шығару үшін ойықтарды ашу және апаттық вентиляцияны қосу бөлменің ішінен де, сыртынан да оңай жерлерден дистанциялық басқарумен жобалануы керек.

100. Мерзімді жұмысқа немесе кісілердің жүруіне тағайындалған тоннелдерде, сонымен бірге техникалық қабаттардың бөлмелерінде есептік ауа алмасумен мерзімді әрекеттегі вентиляция қарастырылуы қажет.

101. Құрамында зиянды немесе жағымсыз иісті заттары бар өндірістік бөлмелердің жалпы алмасулы вентиляциясы мен жергілікті ауаны сорып шығаратын жүйелерінен атмосфераға шығарылатын ауа тазартылуы және нормативтік деңгейіне атмосфералық ауаға таратылуы қажет.

102. Жобаның құрылыс бөлімінде жылыту, вентиляция және кондиционерлеу жүйелерін жөндеуге, дайындауға және бақылауға арнайы шеберханалар мен вентиляциядан бөлінетін зиянды заттарды тазарту қондырғылары қарастырылуы қажет.

7. Сумен қамтамасыз етуге, канализацияға және өндірістік қалдықтарды жоюға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

103. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған жер асты және жер беті шаруашылық ауыз суымен қамтамасыз ету көздерін, нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрдің N 2999 тіркелген, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 28 маусымдағы "Шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" N 506 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

104. Ішпейтін суды беретін су құбырларымен шаруашылық-ауыз су құбырларының қосылуына рұқсат етілмейді. Ішу мақсатына техникалық суды пайдалану мүмкіндігін шектейтін техникалық су құбырлары имараттарының арнайы боялуын қарастырған жөн.

105. Ұйымның өндірістік және қосалқы ғимараттарындағы шаруашылық ауыз суы қажеттілігіне судың шығындалу нормасы, су құбырының ішкі тармағын жобалаудың талаптарына сәйкес келуі керек. Душтардың, қол және аяқ ванналарының, қолжуғыштардың, сонымен бірге вентиляцияның ауаны әкелетін жүйелерінің, шаңды басуға суды шашу жолымен бөлменің ауасын салқындатуға арналған судың сапасы ауыз суына қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.

106. Ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерін жобалау және эксплуатациялау нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тіркеуден өткізетін Реестрдің N 2999 тіркелген, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а 2004 жылғы 28 маусымдағы "Шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" N 506 бұйрығына сай болуы қажет.

107. Ауыз суы жеткіліксіз болғанда өндірістік су құбырларының суын нәжісті ағызатын жабдықтың (унитаздың) жуғыш багына жалғауға рұқсат етіледі.

108. Ішкі су құбыры мен канализация құрылғылары, сонымен бірге сыртқы сумен қамтамасыз ету және канализация жүйелері, өндірістік және шаруашылық ауыз су қажеттілігіне суды беру және ағынды суларды бұру үшін барлық өндірістік және қосалқы ғимараттарда қарастырылуы қажет.

109. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға оның сәйкестілігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда ғана орталықтандырылған канализациялық торапқа өндірістік ағынды суларды жіберу ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Өндірістік объектілердегі ағынды суларды тазарту бойынша локальды тазарту қондырғыларының қажеттілігі жобалау кезінде анықталады.

110. Қалалық тазарту қондырғыларына жіберілетін ағынды сулардың құрамында өндірістің лабораториясы мен бақылаушы органдардың оңай анықтау әдістері жоқ зиянды заттар болмауы керек.

111. Техникалық сумен қамтамасыз етудің жабық және ашық жүйелеріндегі технологияның қажеттілігіне өндірістік объектілердің тазартылған ағынды суларын пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге олардың сәйкестілігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда, әр нақтылы жағдайда шешілуі керек.

112. Өндірістік ағынды сулардың және руданы бұрғылау кезінде түзілетін ұсақ ұнтақталған тау жынысын сақтау орнының тоған-жинаушысының,

тұндырғыштарының құрылысы грунт және пластаралық жер асты суларының және олармен гидравликалық байланысты беткі су объектілерінің ластану мүмкіндігін шектеуі керек.

113. Елді мекенді сумен қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесі және канализациясы болмағанда, жергілікті жүйелер қарастырылады.

114. Құрамында радиоактивті заттары бар ағынды суларды бөліп әкету жағдайы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 1999 жылдың 9 желтоқсандағы N 10 НРБ-99 туралы қаулысын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен 2003 жылы 13 қаңтарда N 97 бекітілген, Қазақстан Республикасы мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер реестрінде N 2198 тіркелген, "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің санитарлық-эпидемиологиялық талаптары" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларының талаптарын басшылыққа алу керек.

115. Ағынды суларды беткей су қоймаларына бұрғанда зиянды заттардың түсуінің мүмкіндік шегінің (ТМШ) жобалары және оған жеткізетін шаралары жасалуы керек. ТМШ-ін басқа өндіріс ұйымдарының ағынды суларымен су қоймасына түсетін ластауыш заттарды және ағынды суларды жобалап шығаратын жерден жоғары орналасқан қақпағындағы фактілі концентрацияны ескере отырып белгіленуі керек.

116. Шаруашылық-фекалды және өндірістік ағынды суларды сіңіретін құдықтарға ағызуға рұқсат етілмейді. Өндірістік объектілердің сумен қамтамасыз ету және айналма сумен қамтамасыз ету жүйелерінен суды тек өндірістік канализацияға ағызуға рұқсат етіледі. Душтардан, қолжуғыштардан және санитарлық тораптардан ағынды суларды бұруға шаруашылық-тұрмыстық канализацияның тармағы қарастырылуы қажет.

117. Газ бөлетін өндірістік ағынды суларды бөлу кезінде, бөлмеге газдың енуіне қарсы шаралар қарастырылуы керек. Улы газдарды түзе алатын химиялық заттарды канализациялық тармаққа жіберуге рұқсат етілмейді.

118. Зиянды газдарды (күкіртсутекті, цианды сутекті, мышьяқты сутекті) бөліп химиялық реакцияға түсетін, құрамында зиянды заттары бар ағынды суларды біріктіруге рұқсат етілмейді.

119. Зиянды булар және газдар (меркаптан, күкіртсутек, цианды сутегі, мышьяқты сутегі) түзілмесе және бөлінбесе немесе ағынды суларды тазартудың барлық процестері герметизацияланған және жергілікті ауаны шығаратын вентиляция құрылғысы болса, өндірістік ғимараттарға ағынды суларды тазарту құрылғыларын орналастыруға рұқсат етіледі.

120. Өндірістік объектілеріне ағынды суларды жіберуді жобалағанда, өндірістік ағынды суларды тазарту қондырғыларын және өндірістік бақылауды ұйымдастыру қарастырылуы қажет.

121. Қалдықтарды зиянсыздандыру үшін имараттарды салуға алаңды таңдау кезінде ауылшаруашылығына құнсыз жерлер қолданылуы керек.

122. Утилизацияланбайтын қалдықтарды көму және қоймалау полигондары елді мекеннің және өндірістік алаңның шегінде орналасуы керек.

Полигондардың жобасы объектіні салу жобасымен қатар жасалады.

123. Руданы бұрғылау кезінде түзілетін пайдаланылған ұсақ ұнтақталған тау жынысын жинаушының беті битумды эмульсиямен немесе майлы саз бен құмнан тұратын тау жынысымен бекітіліп, көгалдандырылуы керек.

124. Полигонның жобаларында өндірістік қалдықтар жөнінде төмендегі а қ п а р а т б о л у ы к е р е к :

1) өндірістік қалдықтардың болжанатын мөлшерінің саны мен сапасы (қауіптілік класы бойынша), олардың физикалық-химиялық, токсикологиялық және радиациялық қасиеттері жөнінде мәліметтер;

2) қоршаған ортаға өндірістік қалдықтардың әсер етуінің мүмкін салдарының с и п а т т а м а с ы ;

3) өндірістік қалдықтарды зиянсыздандыру, жою, көму мәселелерінің т е х н о л о г и я л ы қ ш е ш і м д е р і ;

4) зиянды заттардан топырақты қорғау және бұзылған, ластанған топырақты р е к у л ь т и в а ц и я л а у б о й ы н ш а ш а р а л а р ;

5) қоршаған орта объектілеріндегі зиянды заттарды анықтау әдістемесі.

125. Қалдықсыз технологияны енгізудің техникалық мүмкіндігі болмағанда, улы және радиоактивті өндірістік қалдықтарды зиянсыздандыру, жою және көму бойынша кешенді шаралар қарастырылуы қажет.

126. Улы қалдықтарды жиюдың, жинақтаудың, зиянсыздандырудың және көмудің тәсілдері мен тәртібі химиялық заттардың қауіптілік класын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, сонымен бірге жұмысшылардың қауіпсіздігін, қоршаған территорияның ластануын болдырмауды және қамтамасыз етуі керек.

127. Объектілерде немесе арнайыландырылған ұйымдарда өндірістік қалдықтар жойылады және көміледі немесе утилизацияланады.

128. Құрамында улы заттары бар қатты қалдықтарды қоймада ұстауға, сонымен қатар өндіріс алаңдарында шламды жинағыштарды және шлам жиналуын орналастыруға рұқсат етілмейді.

8. Жарықтандыруға және ультракүлгін сәулеленуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

129. Кісілер тұрақты түрде болатын өндірістік бөлмелерде табиғи жарық қ а р а с т ы р ы л у ы к е р е к .

Метеорологиялық жағдайлармен шақырылған, күндізгі уақыт барысындағы табиғи жарықтың өзгерістері, жұмыстың осы түріне арналған жасанды жарықтың нормасында белгіленген мәнінен жұмыс зонасындағы жарықтың төмендеуін шақырмауы керек. Жарығы жеткіліксіз жұмыс зонасындағы жарық құрылғыларын автоматты қосу жолымен, табиғи жарықтың төмендеуін жасанды жарықпен толтыру керек.

130. Жасанды жарықты жобалағанда жұмысшы, апат және эвакуация жарығы қарастырылуы керек. Орташа дәлдіктегі жұмысты атқарғандағы жұмыс орнындағы жарық 500 лк-тен кем, ал аз дәлдіктегі және дөрекі жұмысты атқарғанда 200 лк-тен кем болмауы керек.

131. Бинокулярлық стереоскопиялық микроскоптарды қолданып жұмыс атқарған жағдайда, микроскоптан тыс монтажды столдың жұмыс зонасының жарығы, осы санитарлық ережелердің 6-шы қосымшаның талаптарына сәйкес болуы керек. Микроскоптың аясындағы объектілердің жарығы бірқалыпты реттелуі керек және оның жоғарғы шегі 20 000 лк-ке жетуі қажет.

132. Визуалды бақылайтын экрандары бар жүктемелі көз жұмыстары үшін жарықтың деңгейі осы санитарлық ережелердің 6-шы қосымшасы бойынша алынуы керек.

133. Шырақтардың жарық техникалық сипаттамалары және олардың жұмысшы зонасына салыстырмалы орналасуы мен жабдықталуы жұмысшыға тікелей және бейнелі жарқылдың зиянды әсерін болғызбауы керек.

134. Шырақтардың конструктивтік орындалуы жұмыс істеу кезінде өрт және электр қауіпсіздігін, өндірістік ортаның (өртке- және жарылғыш қауіптілігі, шаңға, химияға активтілігі) нақтылы жағдайында сипаттамаларының беріктігін, ұзақтығын және тұрақтылығын, сонымен қатар жұмысқа ыңғайлығын қамтамасыз етуі керек.

135. Жобаның құрылыс бөлімінде шырақты тазарту және жөндеу құралдарымен жабдықталған шеберхана, жарықтың газразрядты көздері мен жарық техникалық жабдықтарын сақтайтын қоймалар қарастырылады.

136. Газразрядты лампаларымен жарық беретін құрылғыларды жобалағанда, сынап толтырылған лампаларды сақтайтын бөлме қарастырылуы керек.

137. Өндіріс бөлмелерінің жарық беретін құрылғыларының құрамында ультракүлгін жеткіліксіздіктің алдын-алу үшін профилактикалық ультракүлгін сәулелену қондырғылары қарастырылуы керек. Ұзақ әсер ететін профилактикалық ультракүлгін сәулелену қондырғылары ультракүлгін сәулеленудің өндірістік көздері бар бөлмелерде қарастырылмайды.

9. Жұмысшыларға қызмет көрсететін бөлмелерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

138. Жұмысшыларға қызмет көрсететін бөлмелерді (санитарлық-тұрмыстық бөлмелерді, денсаулық сақтау объектілерін) жобалау осы санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес жүргізіледі.

139. Санитарлық-тұрмыстық бөлмелердің құрамы осы санитарлық ережелердің 5-ші қосымшасының 3-ші кестесіне сәйкес анықталады.

140. Объектілерде фельдшерлік немесе дәрігерлік денсаулық сақтау пункттері, сонымен бірге сауықтыру кешендері қарастырылады. Фельдшерлік және дәрігерлік денсаулық пункттеріндегі бөлмелердің құрылымы мен алаңы осы санитарлық ережелердің 5-ші қосымшасындағы 1 - 2-ші кестелерге сәйкес алынады.

141. Жекелеген бөлмелердің алаңы, жабдықтар мен процедураның жиынтығы әр нақтылы жағдайда объектінің қуаттылығын, еңбек процесінің қауіпті және зиянды өндірістік факторларының сипаттамасын ескере отырып шешіледі.

142. Жұмыс орнына тікелей жақын орналасқан, жұмысшыларды сауықтыруға қажет емдік-сауықтыру кешенінің бөлмесі магнитті және электромагнитті өрістен салыстырмалы қорғайтын экрандармен және дыбыс изоляциясымен жобалануы керек, сонымен бірге цехтағы ластанған ауаның түсуін болдырмайтын герметизирленген есігі болуы қажет.

143. Психофизиологиялық жеңілдету бөлмелері айқын дене және нервтік-жүктемелі еңбекпен сипатталатын (гигиеналық жіктелу бойынша III-ші топтан артығырақ) объектілерде қарастырылуы керек.

144. Жұмыс орнынан психофизиологиялық жеңілдету бөлмелеріне дейінгі қашықтық 75 м-ден артық, ал жұмысшы орнынан кәсіпорынның алаңында дейінгі қашықтық - 150 м-ден артық болмауы керек.

145. Психофизиологиялық жеңілдету бөлмелерінің пайдалы алаңы бір орынға сағатына 4 кісі есебінен (сменасына 4 сағат жұмыста) отыратын орынның болуымен анықталады. Бір отыратын орынға 2 м^2 -тан кем емес жер алынуы керек, бұл кездегі жалпы алаң 20 м^2 -тан кем болмауы керек.

146. Психофизиологиялық жеңілдету бөлмесіне $6-8\text{ м}^2$ -тық нұсқаушы-әдістемешіге арналған қосалқы бөлме және шешініп-киіну үшін кіреберіс кіреді, оның өлшемі бір кісіге $0,5\text{ м}^2$ -тан кем емес есебінен отыратын орынның санына байланысты болады. Бөлмелер шулы цехтарға тікелей жақын орналасқанда кіретін жер екі есіктің де дыбыс изоляциясымен, тамбур түрінде болуы керек.

147. Психофизиологиялық жеңілдету бөлмесіндегі жарық қыздыру лампаларын және жарықты (10-нан 200 лк-ке дейін) реттейтін құрылғысын қолданумен табиғи жарық сияқты, жасанды жарық та қарастырылады. Шудың фондық деңгейі 60 децибелден (әрі қарай дБА) аспауы керек. Ауаның температурасы плюс 18-22 ° С шегінде болса, вентиляция кондиционердің көмегімен жүзеге асырылады.

148. Психофизиологиялық жеңілдету бөлмелері демалуға шынтақшасы бар жұмсақ орындықтармен жабдықталуы керек. "Түрегеп" жұмыс істеу үшін әр үстелге жұмсақ аяқ қойғыштар қарастырылуы керек.

149. Ұзақ уақыт "түрегеп" жұмыс істеуге байланысты еңбекпен сипатталатын объектілерде аяқ гидромассажына арналған арнайы жабдықталған бөлмелер қарастырылуы керек.

150. Аяқ гидромассажының қондырғылары канализацияға қосылған және смеситель арқылы ыстық және суық суды беру үшін крандармен, отыратын ванналармен жабдықталған оқшауланған бөлмелерге орналастырады. Бөлмеде су құбырлары трубасының тұйық сымы қарастырылуы керек. Судың температурасы плюс 28-34 ° С-тың шегінде болуы керек.

151. Гидромассажды қондырғылары бар бөлмелер шулы цехтарға тікелей жақын орналасқанда, шығатын жер екі есіктің де дыбыс изоляциясымен тамбур түрінде болуы керек. Бөлмеге аяқ-киімді ауыстыратын және сеансқа даярлайтын кіре-беріс кіреді. Кіре-берістің алаңы қондырғылардың санына байланысты, бір кісіге 0,5 м² -тан кем болмауы керек. Жұмысшы орнынан қашықтығы 75 м-ден артық болмауы керек.

152. Гидромассажды қондырғылардың саны сменасына 4 сағат ішінде оны пайдаланған кезде (әр кісіге 10 минуттан), 24 кісіге 1 қондырғы есебінен ең көп сменадағы жұмысшылардың саны бойынша анықталады. Қондырғылар арасындағы өтетін жердің кеңдігі 1,5 м-ден кем болмауы, ал қондырғылар арасындағы қашықтық 0,8 м-ден кем болмауы керек. Қондырғылардың ұсынылатын оптималды өлшемдері: еденнен биіктігі - 720 мм, кеңдігі - 490 мм, көлденең өлшемі - 670 мм.

153. Бөлмелерде радиаторлық немесе панелді жылыту, ауаны шығаратын және әкелетін вентиляция немесе ауаны кондиционирлеу, табиғи және жасанды жарық қарастырылуы керек, ауаның температурасы плюс 18-25 ° С шегінде ұсталуы керек.

154. Гидромассажды бөлмелерде: әрбір қондырғыға винтті отырғыштар, қол жуғыштар, дезинфекциялық ерітіндісімен ыдыс, аяқ-киімді ауыстыратын орындықтар, келушілерді тіркейтін орын (үстел және орындық), бөлмені жинайтын инвентармен шкаф қарастырылуы керек.

155. Монотонды еңбекті және (немесе) гипокинезиямен сипатталатын объектілерде тренажерлік залдар қарастырылуы керек, олар жұмыс бөлмесінен 150 м-ден алыс орналаспайды. Залға кіретін есік шу мен шаңнан изоляциялауды қамтамасыз ететін тамбур арқылы болуы керек.

156. Тренажерлік залдың алаңы 5-5,5 м биіктікте, 40 м^2 -тан кем емес жалпы алаңмен, бір кісіге 4 м^2 -тан кем емес есебінде белгіленеді.

157. Тренажерлік залдың ауасында зиянды заттар, қоспалар, иістер болмауы керек. Көміртегі диоксидінің CO_2 -нің мөлшері 1%-тен аспауы, шаңдану м^3 -на 6 мг-нан артық болмауы және кремнийдің мөлшері 2%-тен артық емес, микроорганизмдер 1 м^3 -на 4000 микробтан артық емес, статикалық электр өрісінің кернеуі сантиметріне 150 Ваттан (әрі қарай см/Вт) артық болмауы керек.

158. Қажетті ауа тәртібі табиғи (фрамуга, терезе), жасанды вентиляциямен және ауаны кондиционерлеудің көмегімен қамтамасыз етілуі керек. Барлық фрамугалардың кесілген жерінің алағы еденнің алаңына 1:50 қатынасында алынады. Бқтиярсыз вентиляциядағы ауаның келу интенсивтілігі шығу интенсивтілігінен 10-15 %-ке асуы керек.

159. Орталық жылытумен және кондиционерлеумен плюс $15-22^{\circ} \text{C}$ -тың шегінде ауаның температурасы қамтамасыз етілуі керек. Орталық жылыту радиаторларын терезенің астындағы қуыстарға орналастырады және алынатын ағаш торлармен жабады. Жылытумен вентиляцияның қосылғаны тәуір.

160. Жасанды жарықтың жарық коэффициенті 1:4-1:5 қатынасында белгіленеді, қыздыру лампаларында жасанды жарық 100 лк-тен, ал люминисцентті лампаларда 200 лк-тен кем болмауы керек. Терезелер декоративті торлармен жабылады.

161. Киім ауыстыратын, душ және дәретхана тренажерлік залмен қатар орналастырады. Душ қондырғылары мен қолжуғыштардың саны осы санитарлық ережелердің 5-ші қосымшасындағы 3-ші кестеге сәйкес жобаланады.

162. Жұмысшының қолына дірілдің берілумен сипатталатын технологиялық процестерімен және операцияларымен цехтарды жобалауда, діріл ауруының алдын-алу бөлмелері қарастырылады. Бөлменің құрамына: физиотерапевтік процедуралар, емдік денешынықтыру, психологиялық және психофизиологиялық жеңілдету бөлмелері кіреді.

163. Физиотерапевтік процедура бөлмесінің алаңы бір қол ваннасына $1,5 \text{ м}^2$ есебінде (құрғақ ауа қыздырылуында бір қондырғыға $2,3 \text{ м}^2$) анықталады, бірақ та 35 м^2 -тан кем болмауы керек. Ванналардың саны 3 жұмысшыға 1 ванна және ең көп сменада 10 жұмысшыға 1 қондырғы есесінде анықталады.

164. Емдік денешынықтыруға арналған бөлменің алаңы, залды пайдаланатын бір жұмысшыға (тренажерлар мен спорт снарядтарын қолданумен) $1,6 \text{ м}^2$ есебінде, бірақ та 20 м^2 -тан кем емес анықталады.

165. Медициналық персоналға алаңы 8 м^2 -тан кем емес бөлме бөлінуі керек.

166. Әйелдердің жеке гигиена бөлмесі (әрі қарай - ӘЖГ) 100 жұмысшыға 1 кабина есебінде кабинасы, ал жоғары шаңдылықты кәсіпорында - 50 әйелге 1 кабина және тамбуры болуы керек. Тамбурда ыстық және суық су смесителімен қолжуғыш, қызмет көрсететін персоналға үстелі, қолды электр кептіргіш, магнитті сабын салғыш қарастырылуы керек; жеке кабиналар ыстық және суық су смесителімен және унитазбен, пайдаланылған гигиеналық пакетке арналған жабылатын бөшкесімен және киім ілгіштермен жабдықталуы керек.

167. ӘЖГ бөлмесінің қабырғасы мен жеке кабиналар арасындағы таса жуғыш және дезинфекциялағыш құралдарды қолданып жууға және жеңіл тазалауға мүмкіндік беретін материалдардан болуы керек.

168. ӘЖГ-сы бөлмесінен жұмыс орнына дейінгі қашықтық 150 м -ден артық болмауы қажет. ӘЖГ-сын цехтық дәретханалармен біріктіруге рұқсат етілмейді.

169. Жүктілік кезеңіндегі әйелдердің еңбегі мен демалуын рационалды ұйымдастыру үшін арнайыландырылған емдік-сауықтыру кешендері (әрі қарай - АК) бала туатын жастағы жұмысшы әйелдер саны 500 және одан жоғары объектілерде қарастырылуы керек.

170. Арнайыландырылған кешенді жеке бөлмелерге орналастыру керек, оларға тағайындалуы өндірістік (цех, участок) және қосалқы (демалатын бөлме, жеке гигиена бөлмесі, дәретхана) бөлмелер кіреді.

171. АК-ді табиғи жарығы мен табиғи ауа алмасуы жоқ ғимараттарға, жер асты бөлмелеріне және цокольдық (үйдің төменгі қабаты) бөлмелер мен 2-ші кабаттан жоғары (лифт болмағанда) орналастыруға болмайды.

172. Демалыс бөлмелерінің ауданы сменадағы бір жұмысшы әйелге $2,0 \text{ м}^2$ аудан есебінен, бірақ 18 м^2 -тан кем емес етіп алынуы керек. 30 м^2 -тан артық демалыс бөлмелері және демалыс зонасына және гимнастикалық жаттығу, дәрігерлік бақылау жасайтын және сабақ өтетін зоналарға бөлінеді.

173. Жүкті әйелдерді жұмысқа орналастыратын арнайы бөлмедегі еңбектің сипатына қойылатын гигиеналық талаптар, еңбекті гигиеналық жіктеудің оптималды жағдайының 1-ші класын қанағаттандыруы керек.

174. Жұмысшы саны 5000 адамнан көп болғанда объектінің құрылымында еңбектегі қалпына келтіру орталығы (учаскесі), (әрі қарай - орталық) қарастырылады. Еңбекті реабилитациялау орталығының құрамында емдік-диагностикалық және техникалық бөлімдер болуы қажет.

175. Орталықтың емдік-диагностикалық бөлімнің бөлмелерін болашақтағы өндірістің сипатына сәйкес жобалау қажет.

176. Орталықтың техникалық бөліміне еңбекті реабилитациялау цехтары (учаскелері), диспетчерлік көлік, өнімнің сапасын бақылау, конструкторлық-технологиялық және жоспарлық-экономикалық бюро қызметіне арналған бөлмелер, стандартты емес жабдықтар мен бейімдеулерді эксперименталды жөндейтін учаскелер кіруі керек.

"Өндіріс объектілерін жобалауға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар"

Санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларына

1-ші қосымша

Өндірістік және басқа объектілердің санитарлық жіктелуі және санитарлық қорғау зонасының минималды өлшемдері (әрі қарай СҚЗ)

1. Жаңа кәсіпорынды салудың, әрекеттегілерін және имараттарды қайта салудың немесе техникалық қайта жабдықталуының жобалық құжаттарында санитарлық қорғау зонасын ұйымдастырудың және жайластырудың шаралары және құралдары қарастырылуы керек. СҚЗ-ының ұйымдастырылуының және жайластырылуының жобасы кәсіпорынды салу (қайта салу, техникалық қайта жабдықтау) жобасымен қатар көрсетіледі.

2. Технологиялық процестері мен жабдықтары бар объектілер, олардың жеке ғимараттары мен имараттары үшін, қуаттылығына, эксплуатациялау жағдайына қоршаған ортаға бөлетін зиянды заттардың сипаты мен мөлшеріне байланысты шудың, вибрацияның және басқа зиянды физикалық факторлардың, сонымен қатар адамның денсаулығы мен мекен-жайының қолайсыз әсерін азайту шараларын ескере отырып, санитарлық қорғау зоналарының төмендегі өлшемдері белгіленеді:

- | | | | | |
|----|------------------------|---|------|----|
| 1) | I-ші кластағы объект | - | 1000 | м; |
| 2) | II-ші кластағы объект | - | 500 | м; |
| 3) | III-ші кластағы объект | - | 300 | м; |
| 4) | IV-ші кластағы объект | - | 100 | м; |
| 5) | V-ші кластағы объект | - | 50 | м. |

Өндірістік объектілердің осы санитарлық жіктелуінде жұлдызшамен (*) белгіленген өндірістерге санитарлық-қорғау зонасының минималды өлшемін белгілеген кезде, шудың әсері олар үшін жетекші фактор болып табылады.

I-ші, II-ші және III-ші кластағы объектілердің санитарлық-қорғау зонасының минималды өлшемдерінен асқан объектілерді (қоршаған ортаға әсер ететін зиянды өндірістік факторларды ескере отырып) селитебті территорияға орналастыруға болмайды.

Теміржолдың кіріс жолы және жүк автотранспортының интенсивті қозғалысын талап етпейтін IV-ші және V-ші кластағы селитебті ауданның шетінде орналастыруға рұқсат етіледі.

3. Қазіргі заманғы ірі өндірістік кешендердің (қара және түсті металлургия, энергетика, мұнай мен газ өндіру, мұнайды өңдеу және нефтехимия, биосинтез, орман өндірісі кешені және басқаларының) санитарлық-қорғау зонасының өлшемдерін барлық объектілер үшін біртұтас ретінде кешенді.

4. Автомагистралдер, теміржол транспорты линиялары мен метрополитен үшін санитарлық ажырау белгіленеді. Зиянды әсер ету көзінен тұрғын құрылыстың, ландшафты-рекреациялық зонаның, демалыс зонасының, курорттың шекарасына дейінгі минималды қашықтықпен санитарлық ажырау анықталады. Санитарлық ажыраудағы СҚЗ-ның тәртібі бар, бірақ та ол ұйымдастыру жобасын жасауды қажет етпейді. Физикалық факторлардың (шу, вибрация, электромагниттік өріс, иондаушы сәулелену) мен атмосфералық ауа ластауыштарының таралуын есептеу негізінде әр нақтылы жағдайда ажыраудың шамасы белгіленуі керек.

5. Көмірсутекті шикізаттың магистралды құбырлары, компрессорлы қондырғылар үшін санитарлық ажырауы (шеттетудің санитарлық жолақтары) жасалады. Апат жағдайындағы жарылу мен өрт қауіптілігінің деңгейін минималды қашықтықтар ескереді және құбырдың диаметрін ескере отырып қоныстың түріне, ғимараттың түріне, объектінің тағайындалуына байланысты дифференцирленеді.

6. Авиациялық әдіспен пестицидтермен және агрохимикаттармен өңделетін елді мекеннен ауылшаруашылығының егіс даласына дейінгі санитарлық ажыраудың шамасы 2000 м-ден кем болмауы керек.

7. Барынша көп жобалық немесе фактілі жеткізілген оның қуаттылығы үшін СҚЗ-ның қабылданған шамасын қайта қарауға өндірістің көлемін уақытша қысқарту негіз болып табылмайды.

8. Санитарлық жіктелуге қосылмаған, сонымен бірге жаңа, жеткіліксіз зерттелген технологиялармен немесе елімізде аналогы жоқ объектілер үшін СҚЗ-ның кендігі белгіленеді.

9. Санитарлық-қорғау зонасының өлшемдері:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің шешімімен I-ші және II-ші класты объектілер үшін;

2) облыстың (Астана және Алматы қалалары үшін) Бас мемлекеттік

санитарлық дәрігерінің шешімімен III-ші, IV-ші және V-ші класты объектілер үшін өзгертілуі мүмкін.

10. Әсер етудің кез-келген факторы бойынша есептеу жолымен алынған және /немесе лабораториялық бақылаудың нәтижелері бойынша, нормативтік деңгейді қазіргі заманғы техникалық және технологиялық құралдармен қамтамасыз ету мүмкін болмағанда жіктелумен салыстыра отырып санитарлық қорғау зонасының өлшемі ұлғайтылады.

11. СҚЗ-ның өлшемдер келесі шарттарды сақтағанда кішірейтілуі мүмкін:

1) ауаның ластану деңгейіне жүйелі түрдегі (жылдықтан кем емес) лабораториялық бақылау материалдары бойынша объективті дәлелдеменің болуы, нормативте белгіленген шамадан төмен және оның шегінде және СҚЗ-ның шекарасында техногенді әсердің тұрақты деңгейіне жету;

2) шудың және басқа физикалық факторлардың фактілі деңгейінің тұрғын құрылыстың шегін нормативтен төмендігін өлшеммен дәлелдеу.

12. Объектінің қуаттылығы азайғанда, құрамы өзгергенде, профилі өзгергенде және осыған байланысты қауіптілік класы өзгергенде СҚЗ-ның өлшемі азаюы мүмкін. Тек есептеу жолымен алынған мәліметтер негізінде әрекеттегі объектінің СҚЗ-ның өлшемін азайтуға рұқсат етілмейді.

13. Өзінің құрамында шеберханасы, өндірістік, жартылай өндірістік және эксперименталдық қондырғылары бар ғылыми-зерттеу институттары, конструкторлық бюролар және басқа объектілер үшін СҚЗ-ның санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда, осы санитарлық ережелердің талаптарын ескере отырып белгіленеді.

14. Санитарлық-қорғау зонасының шекарасында орналастыруға болады:

1) тағам өнімдерін өндіруге қолданбайтын техникалық дақылдарды өсіруге арналған ауылшаруашылығына пайдаланатын жерді;

2) негізгі өндіріске қарағанда зияндылығы аз кластағы объектіні, оның жеке ғимараттары мен имараттарын СҚЗ-сында орналастыратын объектіде, негізгі өндіріспен құрамы ұқсас бөлінетін зиянды зат болса, СҚЗ-ның шекарасында және одан тыс жерде оның қосындысының гигиеналық нормативтерден аспауын міндетті түрде шектеу қажет;

3) осы объектіде қызмет көрсететін өрт сөндіру депосын, моншаны, кір жуатын жерді, сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілерін, гараждарды, қоғамдық және жеке транспортты сақтауға арналған алаңдар мен имараттарды, автомобильге жанармай құятын станцияларды, қоғамдық және әкімшілік ғимараттарды, конструкторлық бюроларды, оқу орындарын, емханаларды, ғылыми-зерттеу лабораторияларын, спорт сауықтыру имараттарын;

4) кезекшілік апат персоналына арналған және вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорынды қорғайтын персоналға тұрғын емес бөлме;

5) техникалық сумен қамтамасыз етуге жергілікті және транзиттік коммуникацияларды, электр берілу линия (әрі қарай - ЭБЛ), мұнай және газ құбырларын, артезиан скважиналарын, техникалық суды даярлайтын суды салқындататын имараттарды, канализациялық насос станцияларын, айналма сумен қамтамасыз ету имараттарын, объектінің санитарлық-қорғау зоналары мен өндірістік алаңды көгалдандыруға арналған өсімдіктің питомниктерін орналастыруға болады.

15. Тағам өндіру саласындағы ұйымдардың, азық-түлік шикізатының және тағам өнімдерінің көтерме сауда қоймаларының СҚЗ-да өзара теріс әсері болмаса, жаңа тағам объектілерін орналастыруға болады.

16. IV-ші, V-ші класс объектілеріне арналған СҚЗ-ы алаңының 60%-тейі, II-ші және III-ші класс кәсіпорнының 50%-тейі, 1000 м және одан көп санитарлық-қорғау зонасы бар кәсіпорындар үшін - тұрғын құрылыс жағынан ағаш-тал жолағын отырғызу міндетті түрде ұйымдастырылуымен, оның территориясының 40%-тейі барынша көп көгалдандырылуы қажет. Жоғарыда айтылған табиғи-климаттық жағдайға жатады, онда бұл қағида іске асырылуы керек. Болмаса жобада бұл қағидадан шетке шығуға түсініктеме берілуі керек.

17. Объектінің санитарлық-қорғау зонасында автомагистралдың болуы көгалдандыру процентін төмендетуге негіз болып табылмайды, объектінің СҚЗ-ның өлшемін белгілегенде фондық ластануда сәйкес бөлінетін зиянды заттарды ескереді. Тұрғын құрылыс пен өндіріс орнының арасындағы СҚЗ-сы 50 м болғанда, қалалық автотранспорттың қозғалысына арналған трассаның кеңдігі ажыраудың санитарлық жіктелуі бойынша талаптарының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылмауы керек.

2. Санитарлық-қорғау зонасын белгілегенде физикалық факторларды ескеру

18. Қолайсыз физикалық факторлардың шығу көзі болып табылатын өндірістік, коммуналдық, энергетикалық объектілердің, транспорт, станция және автомобиль, теміржол, су және әуе транспортының және басқа объектілердің құралдарына қызмет көрсететін, сонымен бірге метроның, трамвай жолдарының, тоннельдердің СҚЗ-ның өлшемдері шығу көзінің орналасуын және олар шығаратын шудың, инфрадыбыстың және басқа физикалық факторлардың сипатын ескере отырып, есептеу жолымен белгіленеді.

19. Тұрғын бөлмелер мен тұрғын құрылыс территориясындағы шудың, инфрадыбыстың және басқа физикалық факторлардың деңгейінің мүмкіндік шегінің күші бар НҚА-не сәйкес СҚЗ-ның өлшемдері анықтайды.

20. Электр берілісінің әуе линиялары (ӘЛ) шығаратын электр өрісінің әсерінен тұрғындарды қорғау мақсатында санитарлық ажырау белгіленеді. Жоғары вольтты трассаның бойындағы территорияға ӘЛ-ның санитарлық ажырауы белгіленеді, ондағы электр өрісінің кедергісі метріне 1 кВ-тан асады.

ӘЛ-на перпендикулярлы бағыттағы шеткі фазалық сым жердегі проекциясынан келесі қашықтықтағы, оның екі жағындағы электр өрісінің кедергісін төмендету құралдарынсыз және сымның горизонталды орналасуымен ӘЛ-ы трассаның бойындағы санитарлық ажырау шекараларын жаңадан жобаланатын ӘЛ-на, сонымен бірге ғимараттар мен имараттарға қабылдауға

330	кВ	кедергідегі	ӘЛ	үшін	20	м;
500	кВ	кедергідегі	ӘЛ	үшін	30	м;
750	кВ	кедергідегі	ӘЛ	үшін	40	м;
1150	кВ	кедергідегі	ӘЛ	үшін	55	м.

Егер жоба құжатында кернеудің ұлғаюы қарастырылса, онда оның максималды мәні бойынша санитарлық ажырау белгіленеді. Егер де, эксплуатациялау процесінде ӘЛ-ның кернеуі ұлғайса, онда осы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес санитарлық ажырау ұлғайтылуы керек.

21. Берілетін радиотехникалық объектілер орналасқан жердегі санитарлық-қорғау зонасының шамасы, радиожілік диапазонындағы электромагниттік сәулеленудің күші бар НҚА-і мен радиожіліктегі электромагниттік сәулеленудің интенсивтілігін есептеу әдістемесіне сәйкес белгілейді.

22. Электр беретін линияларда СҚЗ-сы келесі талаптарды ескере отырып

1) жоғары вольтты линияның трассасы бойындағы территория электр беретін әуе линияларының санитарлық қорғау зонасы болып табылады, ондағы электр өрісінің кедергісі метріне 1 киловольттан (әрі қарай м/кВ) асады;

2) жаңадан жобаланатын ӘЛ-на, сонымен бірге ғимараттар мен имараттарға, 330 кВ - 20 м, 500 кВ - 30 м, 750 кВ - 40 м, 1150 кВ - 55 м-ге сәйкес ӘЛ-на перпендикулярлы бағыттағы шеткі фазалық сымнан келесі қашықтықтағы, оның екі жағындағы электр өрісінің кедергісін төмендету құралдарынсыз және сымның горизонталды орналасуымен ӘЛ-ы трассасының бойындағы СҚЗ-ның шекарасы қабылданады;

3) егер де электр өрісінің кедергісі ДМШ-нен асса, оны төмендету шаралары қабылдануы керек (ӘЛ-ын тұрғын құрылыстан қашықтау, экран құрылғыларын пайдалану және басқалары);

4) тұрғын және қоғамдық ғимараттарды және имараттарды, транспорттың барлық түрінің тұрағы мен аялдамасын, автомобиль қызмет көрсететін ұйымдар

мен мұнай және мұнай өнімдерінің қоймасын СКЗ-ның шегіне орналастыруға рұқсат етілмейді.

3. Өндірістік объектілердің санитарлық жіктелуі және минималды санитарлық-қорғау зоналарының өлшемдері

23. Химия өндірісі

I-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 1000 м-ден кем емес

1) байланысқан азот (аммиактың, азот қышқылының, азотты-тукты және басқа тыңайтқыштар) өндірісі.

Аммиакты, құрамында азоты бар қосылыстарды (мочевинаны, тиомочевинаны, гидразин мен оның туындыларын және басқаларын, азотты-тукты, фосфатты, концентирленген минералды тыңайтқыштарды, азот қышқылын және басқаларын) өндіретін комбинаттары осы қосымшаның 14-ші және 19-шы пункттеріне сәйкес анықталатын, кеңейтілген санитарлық-қорғау зонасын талап етеді;

2) бензолды және эфирлі қатардағы анилинді-бояу өнеркәсібі өнімдері мен жартылай өнімдерінің - анилиннің, нитроанилиннің, алкилбензолдың, нитрохлорбензолдың, фенолдың, ацетонның, хлорбензолдың және басқаларының өндірісі;

3) нафталенді және антраценовті қатардағы жартылай өнімдердің - бетанафтолдың, аш-қышқылының, фенилпериқышқылдың, периқышқылдың, антрахинонның, фталиді ангидридтің және басқаларының өндірісі;

4) күкіртті немесе құрамында күкіртті бар материалдарды өртеу әдісімен, қышқылды сульфитті және бисульфитті немесе моносульфитті целлюлозаның және жартылай целлюлозаның өндірісі, сульфатты әдіс (сульфат-целлюлоза) бойынша целлюлозаны өндіру;

5) электролиттік жолмен хлорды, хлордың негізінде жартылай өнімдерін және өнімдерін өндіру;

6) хлорлау әдісімен (титомагнийлі, магнийлі және басқалары) сирек металдар өндірісі;

7) жасанды және синтетикалық талшықтар (визкозды, капронды, лавсанды, нитронды және целлофанды) өндірісі;

8) диметилтерефталат өндірісі;

9) капролактамы өндірісі;

10) күкіртті көміртек өндірісі;

11) синтетикалық полимерлік материалдарға арналған өнімдер мен жартылай өнімдерді өндіру;

12) мышьяк және оның қосылыстарын өндіру;

13) мұнайды, жолай мұнайлы және табиғи газды қайта өңдеу өндірісі. Құрамындағы күкірттің мөлшері 1%-тен (салмақты) артық көмірсутекті өңдегенде санитарлық-қорғау зонасы негізделіп ұлғайтылуы керек;

14) пикрин қышқылын өндіру;

15) фторды, фторлы сутекті және олардың негізінде жартылай өнімдер мен өнімдерді (органикалық, органикалық емес) өндіру;

16) жанғыш тақта тасты қайта өңдеу кәсіпорны;

17) кара күйе өндірісі;

18) фосфордың (сары, қызыл) және фосфорорганикалық қосылыстардың (тиофостың, карбофостың, меркаптофостың және басқаларының) өндірісі;

19) суперфосфат тыңайтқыштарының өндірісі;

20) кальций карбидінің, кальций карбидінен ацетиленді алудың және ацетиленнің негізінде туындыларын өндіру;

21) жасанды және синтетикалық каучук өндірісі;

22) синильді қышқылдың, оның негізіндегі органикалық жартылай өнімдерінің және өнімдерінің (ацетонциангидридтің, этилен-цианның, метакрил және акрил қышқылдарының эфирлерінің, диизоцианиттердің және басқаларының) өндірісі; циан тұздарының (калийдің, натрийдің және басқаларының), цианплавтың, дицианамидтің, кальций дицианамидінің өндірісі;

23) көмірсутекті газдардан және оның негізіндегі өнімдерден ацетиленді өндіру ;

24) синтетикалық химиялық-фармацевтикалық және дәрі-дәрмек препараттарын өндіру ;

25) оттегімен тікелей тотықтыру арқылы синтетикалық май қышқылдарын, жоғары май спирттерін өндіру ;

26) меркаптандар өндірісі, меркаптандармен газды одорирлеу құрылғылары, одорант қоймалары ;

27) хромды, хромды ангидридті және оның негізінде тұздарды өндіру;

28) күрделі эфирлер өндірісі;

29) фенолформальдегидті, полиэфирлі, эпоксидті және басқа жасанды шайыр өндірісі ;

30) метионин өндірісі;

31) металдар карбонилін өндіру;

32) таскөмірлі кара майды, мұнайды, қылқан жапырақты (гудронды, жартылай гудронды және басқаларын) айдаудың қалдықтарынан битумды және басқа өнімдерді өндіру ;

33) бериллий өндірісі;

34) синтетикалық спирттер (бутилді, пропилді, изопропилді, амилді) өндірісі;

35) вольфрамның, молибденнің, кобальттың гидрометаллургиясы кәсіпорыны

;

36) жемді амин қышқылдарын (жемді лизинді, премикстерін) өндіру;

37) пестицидтер өндірісі;

38) оқ-дәрі, жарылғыш заттар өндірісі, қоймалар мен полигондар;

39) алифаттық өнімдер (моно-ди-үш-метиламиндер және басқалары) және оның негізінде өнімдерді (симазинді және басқаларын) өндіру.

II-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 500 м-ден кем емес

40) бромды, оның негізінде өнімдерді және жартылай өнімдерді (органикалық және органикалық емес) өндіру;

41) газ (жарықты, сулы, генераторлы, мұнайлы) өндіру;

42) көмірді жер астында газификациялау станциялары;

43) органикалық еріткіштерді және майды (бензолды, толуолды, ксилолды, нафтолды, крезолды, антраценді, фенантренді, акридинді, карбозолды және басқаларын) өндіру;

44) таскөмірін және оның негізінде өнімдерді (таскөмірлі пекті, шайырды және басқаларын) қайта өңдеу кәсіпорыны;

45) торфты химиялық қайта өңдеу кәсіпорыны;

46) күкірт қышқылын, олеумді, күкіртті газды өндіру;

47) тұз қышқылын өндіру;

48) күкіртқышқылды әдіспен немесе тікелей гидратация әдісімен синтетикалық этил спиртін өндіру. Фосген және оның негізінде өнімдер (парофор және басқаларын) өндіру;

49) қышқылдарды: аминоксидтерді, аминоксидтерді, аминоксидтерді, тиодиваленианды, изофталды өндіру;

50) натрий нитритін, тионилхлоридті, көміраммоний тұздарын, көмірқышқылды аммонийді өндіру;

51) диметилформаид өндірісі;

52) этил сұйықтығы өндірісі;

53) катализаторлар өндірісі;

54) күкіртті органикалық бояғыштар өндірісі;

55) калий тұздары өндірісі;

56) ұшқыш органикалық қосылыстар қолданылатын жасанды тері өндірісі;

57) азотолдардың және азоаминдердің барлық класының кубты бояғыштарын өндіру;

58) этилен тотығын, пропилен тотығын, полипропилен өндірісі;

59) 3,3-ди (хлорметил) оксоциклобутан, поликарбонат, пропиленмен этиленнің сополимерлері, мұнайдың жолай газдары базасында жоғары полиолефиндер полимерлерін өндіру;

60) пластификаторлар өндірісі;

- 61) хлорвинил негізінде пластмасса өндірісі;
62) цистернаны (мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдағанда) тазарту,
жуу және булау пункттері;
63) синтетикалық жуғыш заттар өндірісі;
64) бастапқы өнімдері өндірілетін тұрмыстық химия өнімдерін өндіру;
65) бор және оның қосылыстарын өндіру;
66) парафин өндірісі;
67) қара май, ағаштың қатты бөлігінен сұйық және ұшқыш айырым, метил
спирті, уксус қышқылы, скипидар, терпетин майы, ацетон, креозот өндірісі;
68) уксус қышқылы өндірісі;
69) сірке қышқылы мен сірке ангидридiнiң шикізат өндірісімен
ацетилцеллюлоза өндірісі;
70) пентозан қосылыстарымен өсімдік шикізатын қайта өңдеу негізінде
гидролиз өндірісі;
71) изоактил спиртін, майлы альдегидті, май қышқылын, винилтолуолды,
пенопласты, поливинилтолуолды, полиформальдегидті, органикалық
қышқылдардың регенерациясын (сірке, май және басқалары),
метиопирролидонды, пен-таэритритті, уротропинді, формальдегидті өндіру;
72) капрон және лавсан матасының өндірісі.

III-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 300 м-ден кем емес

- 73) ниобий өндірісі;
74) тантал өндірісі;
75) аммиакты әдіспен кальцинирленген сода өндіру;
76) аммиакты, калийлі, натрийлі, кальцийлі селитра өндірісі;
77) химиялық реактивтер өндірісі;
78) целлюлоза эфирлерінен пластикалық массалар өндіру;
79) корунд өндірісі;
80) барий және оның қосылыстарының өндірісі;
81) ультрамарин өндірісі;
82) ағаштың қатты қабығынан жем ашытқылары мен фурфуролды және
гидролиз әдісімен ауылшаруашылығы қалдықтарын өндіру;
83) никотин өндірісі;
84) изомеризациялық әдіспен синтетикалық камфара өндірісі;
85) меламин және цианур қышқылының өндірісі;
86) поликарбонаттар өндірісі;
87) мышьяқтың, фосфордың, хромның, қорғасынның және сынаптың
тұздарынан басқа, минералды тұздар өндірісі;
88) пластмасса (карболит) өндірісі;
89) фенолформальдегидті прессматериалдарын, фенолформальдегидті смола

негізінде қағаздан, матадан престелген және оралған бұйымдар өндірісі;

90) жасанды минералды бояулар өндірісі;

91) резина мен каучукты регенерациялау өндірісі;

92) шиналарды, резиналы-техникалық бұйымдарды, эбонитті, желім аяқ-киімін, сонымен қатар оларға резиналы қоспаларды өндіру;

93) сурьманың, висмуттың және басқаларының тұздарын алу үшін сирек кездесетін металдарды химиялық қайтадан өңдеу;

94) электр өнеркәсібіне көмір бұйымдарын (щеткаларды, электркөмірлерін) ө н д і р у ;

95) резинаны вулканизациялау өндірісі;

96) аммиакты судың өндірісі мен базисті қоймалары;

97) парофазалық әдіспен (металды сынапты қолданбай) ацетальдегид өндіру;

98) полистиролды және стиролдың сополимерлерін өндіру;

99) кремнийорганикалық лактарды, сұйықтықтарды және шайырларды өндіру ;

100) меркаптаннан одоризациялық құрылғысымен магистралды газ құбырларының газ тарататын станциялары, ашық алаңдағы компрессорларымен газ жинақтаушы (газды құятын) станциялары; *

101) себацин қышқылын өндіру;

102) вилацетат және оның негізінде өнімдерді (поливинилацетатты, поливинилацетатты эмульсияны, винил спиртін, винифлексті және басқаларын) ө н д і р у ;

103) майлы, спиртті, типографиялық, жекелеуші, резина өнеркәсібі үшін лак ө н д і р у ;

104) ванилин мен сахарин өндірісі;

105) бөлінудің сығылған және сұйылтылған өнімдерінің өндірісі;

106) техникалық саломас (электролиттік емес әдіспен сутегі алынатын) ө н д і р і с і ;

107) парфюмерия өндірісі;

108) ұшқыш органикалық еріткіштер қолданылмайтын поливинилхлоридті және басқа смола негізінде жасанды тері өндіру;

109) эпихлоргидрин өндірісі;

110) сығылған азот, оттегі өндірісі;

111) жем ашытқыларын өндіру;

112) булану құрылғыларымен және қайта өңделетін шикізат бойынша өнімділігі сағатына 0,5-тен көп емес мұнай өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорыны;

Тауарлы мұнайды бензинге, дизель отыны мен мазутқа тікелей айдауға индукциялық қыздыру жүйесін қолданатын, қуаттылығы жылына мұнайдың 100

000 тоннасына дейін аз күкіртті және күкіртті мұнайды қайта өңдейтін құрылғылар үшін атмосфералық ауадағы зиянды заттардың концентрациясына есептеу жүргізілуі керек. Тұрғын құрылыс арасына бұл қондырғыларды орналастыруға және жоғары күкіртті мұнайды қайта өңдеуге болмайды.

IV-ші класс-санитарлық-қорғау зонасы 100 м-ден кем емес

- 113) тукоқоспаларын өндіру;
- 114) фторопластарды қайта өңдеу өндірісі;
- 115) дайын целлюлоза мен ескі-құсқыдан қағаз өндіру;
- 116) глицерин өндірісі;
- 117) галалит және басқа белокты пластиктер (аминопластар және басқалары) өндірісі;
- 118) конденсациялық смолада эмаль өндіру;
- 119) сабын өндірісі;
- 120) тұзды қайнататын және тартатын өндіріс;
- 121) калийдің фармацевтикалық тұздарын (хлорлы, күкіртқышқылды, поташа) өндіру;
- 122) минералды табиғи (бор, охра және басқа) бояу өндірісі;
- 123) дубилді экстракт өндірісі;
- 124) полиграфиялық бояу зауыты;
- 125) фотохимия (фотоқағаздар, фотопластинкалар, фото- және киноплёнкалар) өндірісі;
- 126) дайын бастапқы өнімдерден тұрмыстық химия тауарларын өндіру және оларды сақтау қоймалары;
- 127) олифа өндірісі;
- 128) әйнекталшық өндірісі;
- 129) медициналық әйнек (сынапсыз) өндірісі;
- 130) пластмассаны өңдеу (күю, экструзия, престеу, вакуум-қалыптау) өндірісі;
- 131) полиуретан өндірісі.

V-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 50 м-ден кем емес

- 132) дайын дәрі-дәрмек түрлерін (құрамдас бөлігін даярлаусыз) өндіру;
- 133) макулатурадан қағаз өндіру;
- 134) қуаттылығы тәулігіне 160 кг-нан артық киімді химиялық тазартатын фабрикалары;
- 135) пластмассадан және синтетикалық шайырдан (механикалық өңдеу) бұйым өндіру;
- 136) көмірқышқылын және "құрғақ мұзды" өндіру;
- 137) жасанды інжу өндірісі;
- 138) сіріңке өндірісі.

24. Metallургиялық, машина жасау және металл өңдейтін объектілер

I-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 1000 м-ден кем емес

1) жылына 1 000 000 тоннадан (әрі қарай жыл/т) артық болат пен шойынның толық металлургиялық циклымен қара металлургия өндірісі. Үлкен қуаттылығы қажетті нормативтен тыс минималды санитарлық-қорғау зонасын қосымша негіздеуді талап етеді;

2) жылына 3000 тоннадан артық мөлшерде түсті металдарды (мысты, қорғасынды, мырышты және басқаларын) екіншілік қайта өңдеу өндірісі;

3) домна пешінің 1500 м³-ден көп жалпы көлемінде тікелей рудалар мен концентраттардан болатты балқыту өндірісі;

4) қалдықтарды қайта өңдейтін цехтарымен мартенді және конверторлық әдістерімен (томасшлакты және басқаларын тарту) шойын өндірісі;

5) тікелей руда мен концентраттардан түсті металдарды (қорғасынды, қалайыны, мысты, никельді) балқыту өндірісі;

6) алюминийдің балқытылған тұздарының (глиноземнің) электролизі әдісімен алюминий өндіру;

7) арнайы болатты балқыту өндірісі;

8) ферроқорытпа өндірісі;

9) қара және түсті металдардың рудаларын және пиритті шырақ тұқылын агломерациялау өндірісі;

10) глинозем (алюминий оксиді) өндірісі;

11) сынап және сынапты приборлар (сынапты түзеткіштер, термометрлер, лампылар) өндірісі;

12) коксохимия (коксогаз) өндірісі.

II-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 500 м-ден кем емес

13) домна пештерінің 500 м³-тан 1500 м³-қа дейін жалпы көлемінде болатты балқыту өндірісі;

14) болат пен шойынның жылына 1 000 000-ға дейінгі қуаттылығындағы толық металлургиялық циклмен қара металлургия өндірісі;

15) жылына 1 000 000 т. мөлшерінде негізгі өнімді шығаратын қалдықтарды қайта өңдеу (томасшлакты және басқаларын тарту) цехтарымен мартенді, электрлік балқыту және конверторлық әдістермен шойын өндірісі;

16) магний (хлоридтіден басқа барлық әдістермен) өндірісі;

17) жылына 100 000 т.-дан артық мөлшердегі болатты қалыпқа құю өндірісі;

18) коксты күйдіру өндірісі;

19) қорғасын аккумуляторлары өндірісі;

20) әуе кемелері, техникалық қызмет көрсету өндірісі; *

21) автомобиль жасайтын кәсіпорын; *

- 22) шойын конструкцияларының өндірісі;
23) құятын және бояйтын цехтарымен вагондар өндірісі;
24) жылына 2000-нан 3000 тоннаға дейін мөлшерде түсті металдарды (мысты, қорғасынды, мырышты және басқаларын) екіншілік қайта өңдейтін кәсіпорын.

III-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 300 м-ден кем емес

- 25) томасшлакты тартатын өндіріс;
26) жылына 1000-нан 2000 тоннаға дейінгі мөлшерде түсті металдарды өндіру ;

- 27) пирометаллургиялық және электролиттік әдістермен сурьманы өндіру;
28) жылына 20 000-нан 100 000 тонна мөлшерінде болатты үлгіге құю ө н д і р і с і ;

- 29) сулы ерітінділердің электролизі әдісімен мырышты, мысты, кобальтты ө н д і р у ;

- 30) металды электродтар (марганецті қолданумен) өндірісі;
31) жылына 10 000 тонна қуаттылығы қысымымен үлгіге түсті құю өндірісі (алюминий қорытпасынан қысыммен 9500 т. құю және мырыш қорытпасынан 500 т . к ұ ю ;

- 32) люминофор өндірісі;

- 33) метизді өндіріс; *

- 34) санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісі; *

- 35) ет-сүт таситын машина жасайтын кәсіпорын; *

- 36) шахталық автоматика өндірісі; *

- 37) шрифтоқю (қорғасынның бөліну мүмкіндігі болғанда) өндірісі;

- 38) жалаң кабель өндірісі;

- 39) сілтілі аккумуляторлар өндірісі;

- 40) руданы химиялық өңдеу цехы болмағанда қатты қорытпалар мен тығыз балқитын металдар өндірісі;

- 41) кеме жөндейтін кәсіпорындар;

- 42) 500 м³ домна пешінің жалпы көлеміндегі болатты балқыту өндірісі.

IV-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 100 м-ден кем емес

- 43) ыстық өңдеусіз металды байыту өндірісі;

- 44) қорғасынды немесе резинамен жекеленген кабель өндірісі;

- 45) жылына 10 000-нан 20 000 тоннаға дейін болатты үлгіге құю өндірісі;

- 46) жылына 1000 тоннаға дейінгі мөлшерде түсті металдарды (мысты, қорғасынды, мырышты және басқаларын) екіншілік қайта өңдейтін кәсіпорын;

- 47) ауыр престер өндіру; *

- 48) Кішігірім құятын және басқа ыстық цехтары болғанда электротехникалық өнеркәсіптің машиналары мен приборларын (динамомашиналарды,

конденсаторларды, трансформаторларды, прожекторларды және басқаларын)
ө н д і р у ;

49) құятын цехтары жоқ және сынап қолданбайтын электр өнеркәсібінде приборларды (электрлампыларды, фонарьларды және басқаларын) өндіру;

50) жол машиналарын, автомобильдерді, шанағын, теміржол транспорты мен метрополитеннің қозғалатын құрамын жөндейтін кәсіпорын;*

51) координатты-жонғыш станоктар өндірісі;

52) құятын цехтары жоқ (жылына 100 т-ға дейінгі мөлшерде), болат, шойын және түсті (жылына 10 0000 т-ға дейінгі мөлшерде) металл құятын ағаш өндейтін ө н д і р і с ; *

53) металл электродтар өндірісі;

54) шрифтоқуя (қорғасын бөлінбейтін) өндірісі;

55) полиграфиялық комбинаттар;

56) офсетті баспа фабрикасы ;*

57) қорғасын қолданатын типография;

58) құюсыз боялатын металл өндейтін машина жасау кәсіпорыны.

V-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 50 м-ден кем емес

59) қ а з а н ө н д і р і с і ;

60) пневмоавтоматика кәсіпорыны;

61) металлоштамп кәсіпорыны;

62) ауылшаруашылығы детальдарының кәсіпорыны;

63) қорғасын қолданбайтын (офсеттік, компьютерлік теру) типографиялары.

25. Руда және руда емес қазбаларын табу объектілері

I-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 1000 м-ден кем емес

1) руда емес құрылыс материалдарының карьерлері;

2) тау-байыту комбинаттары;

3) тәулігіне 0,5-тен 1 тоннаға дейін күкіртсутегін бөлетін мұнай шығаратын ө н д і р і с ;

4) табиғи газды шығаратын өндіріс;

5) полиметалды (қорғасынды, сынапты, мышьяқты, бериллийді, марганецті) рудаларды және ашық өндірістегі VIII-XI-ші категориядағы тау жынысын шығаратын ө н д і р і с ;

6) асбест шығаратын кәсіпорын;

7) темір рудаларын және ашық өндірістегі тау жыныстарын шығаратын к ә с і п о р ы н ;

8) гипс шығаратын кәсіпорын;

9) ашық әдіспен металлоид шығаратын кәсіпорын;

10) түсті металдарды шығару кезіндегі шлам жинағыштар мен үйінді;

11) көмір қ а б а т т а р ы .

Қосымша: Мұнайдың және жолай газдың құрамында 3,0% және одан көп мөлшерде күкіртсутек пен меркаптандар болғанда, көмірсутекті шикізатты табатын кәсіпорындар үшін СҚЗ-ның шекарасы 5000 м-ден кем емес; ал 20,0% және одан артық болғанда СҚЗ-ның шамасы - 8000 м-ден кем емес болуы керек.

II-ші класс - санитарлық-қорғау зонасы 500 м-ден кем емес

12) байытудың ылғалды әдісімен байытатын фабрикалары мен гидрошахталары;

13) темір мен көмірді шығарудағы шлам жинағыштар мен үйінділер;

14) ұшқыш көмірсутегі аз мөлшердегі, тәулігіне 0,5 т-ға дейін күкіртсутегін шығаратын мұнай шығаратын өндірістер;

